

# АҚМЕШІТ ЖАСТАРЫ

Газет 2013 жылдың қыркүйек айынан бастап шығады

Қызылорда облыстық жастар газеті

Жаннан қымбат оларға ар,  
Мен жастарға сенемін.



Магжан

№ 51 (432)  
23 желтоқсан, 2021 жыл

ҚАЗАҚСТАН  
ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ



## АҚЫЛЫ ЖОЛДЫҢ САПАСЫ ҚАНДАЙ?

Ерасыл ШӘРІБЕК

Тәуліктің тең жартысын тас жолда өткізетін жүргізушілер ақылы жолдардың құнына сай болғанын қалайды. Айтқандарына, бізге әй алынатын жолдардың сапасы сын көтермейді. Осының салдарынан ауыр жүк көліктерінің өзі істен шығып жатады.

— Елдегі кейбір тас жолдар ақылы жүйеге сай келмейді. Мысалы,

Қызылордадан Ақтөбеге дейінгі аралықты алайышы. Бір гана бағыт Еуропалық стандартқа сай келмейді. Ақылы жолдардың кем дегенде екі бағыты болу керек. Жан-жағы да қоршалмаған. Соның салдарынан түн ішінде тас жолға шығатын үй

жануарлары да көп. Байқамай қалсаңыз, тас жолда опық жейсіз. Оның үстіне жол бойындағы сөркіс те ақсап тұр. Жүргізушілерге лайықты жағдай жасалмаған. Ендеше, біз несіне ақы төлеуіміз керек, — дейді жүргізуші Нұрлан Өтегенов.



Күнделікті несібесін тас жолдан тауып жүрген көлік жүргізушілері биыл жағымсыз жаңалыққа тап болды. Батыс Еуропа-Батыс Қытай тас жолы қараша айынан бастап ақылы жүйеге көшті. Яғни, жүк көліктері шақырымына 5 пен 25 теңге аралығында төлесе, жеңіл автокөліктердің тарифі 1 шақырымға — 1 теңгені құрап отыр. Жалпы елде мұндай ақылы жолдардың саны көбейді. Қазірдің өзінде Қазақстанда 5 автожолға ақы төлейсіз. Батысқа өліктейтін қасиетіміз жол мәселесіне де жетіпті. Еуропа елдеріндегі көрініс мынадай. Мәселен, Ресейде жүк машиналары 1 шақырым үшін 22 теңге төлейді, Италия мен Германияда орташа есеппен 70 теңге, Беларусь мемлекетінде 80 теңге шығындайды. Ал Хорватияда жүк көлігі үшін жолда жүру құны шақырымына 122 теңге тұрады. Жолға жауаптылар «біздің елде тас жол тарифі арзан» дейді. Жауаптылардың баға жөніндегі өңгімесі дұрыс-ақ. Бірақ сапа ше?

Жүргізушілердің жанайқайын Мәжіліс депутаты Азат Сембинов құптады. Халық қалауысы «ҚазАвтоЖол»-дың қызметіне көңілі толмайтынын жеткізді. — Соңғы күндері бірнеше өңірде ақылы автожолдардың көбіне мен тарифіне байланысты кәсіпкерлер мен жүк көліктері иелерінің

наразылық акциялары өтіп жатыр. Олар тарифтің құны жол сапасына сай келмейтініне, «ҚазАвтоЖол» компаниясы қызметінің ашық әдістемесіне наразы. Компанияның монополистік сипатта жұмыс істеп отырғанына назар аударды. Бүкіл өлемде ақылы автожолдар тегін балама трасса

ұсынылған жағдайда ғана енгізіледі. Осы жағдай орын алған жағдайда ақылы болуға рұқсат етіледі. Бөлек қалай? Көлікке салықты бір төлейді, жолға қосымша қаржы жұмсайды. Жол тағы солардың салғының есебінен салынып жатыр.



## ІЗДЕГЕНІЗІЗ — «СЫР САПДЫҚТЫҢ» ІШІНДЕ



Шығармашылыққа құмар, бәсекеге қабілетті жас буынды қолдау — уақыт талабы. Жақында Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің студенттер сарайында «Сыр сандық» жас ақындар антологиясының тұсаукесері өтті. Шарада ақын, журналист, облыстық мәслихат депутаты Шаһизада Әбдікерімов, «Сыр үміті» жастар қауымдастығының төрағасы, облыстық мәслихат депутаты Мағжан Ералиев, айтқысер ақын Серік Ыдырысов, ақын, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің профессоры, филология ғылымдарының кандидаты Шанжархан Бекмағамбетов, Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің әлеуметтік және тәрбие жұмыстары жөніндегі проректоры Жандос Базартай сөз сөйлеп, тәуелсіздіктің 30 жылдығына орай шыққан туындының тұсауын кесті.

Қара сөздің қасиетін ұғына білетін шайыр Шаһизада ағамыз: «...менің де алдым жалаңаштанып келеді. Осы жерде поэзияның өз өкіліндей Әскербек, Асқар сынды ағаларым тұрса, сол кісілердің артында, тасасында тұрғанның өзі маған мәртебе еді», — деп көзқортын бірің соғынан бірі кеткен ақын ағалардың жоқтығын айтып көпшілік көңілін өлжіретсе, сөз сонда: «Сонда да шүкір. Артыма қарасам, жас құрақтай желкідеп, қызғалдақтай құлпырып жас ақындар, өздерің өсіп келесіңдер. Соған жұбанып, қуанамын», — деді.

Аталған жас ақындар антологиясына 70 автордың туындысы топтастырылған. «Жақсының жасығылғын айт, нұры тасысын» демеуші, жинақ жастар жанашыры Мағжан Ералиевтің демеушілігімен басылып шықты. Бұл жас буынның өзара бауырмалдығы, бір-біріне қолдау бірлудің айғағы іспетті. Ал кітаптың таралымы — 500 дана.

— Сырбойлық шайырлар облыс орталығынан бөлек әр ауданда поэзия көшін өткізіп тұруды межелеген. Мәселен, Шиегі жастарының ұйымдастыруымен облыс ақындары Қаратау жағасында өлең оқып, әнінен шашу шашты. Қаратау сілемдері шайырларға шабыт сыйлады. Тасқа да тіп бітірген поэзиям жастар осы игі үрдісті тоқтатай, сол мезетте-ақ Қазалы қаласына баруды жоспарлаған болатын. Ардада ұзақ уақыт өтпей қазысын сүзбей сүйлеген, қара сөзін қанына сіңірген жас ақындар келіскендей Қазалы ауданының орталығында қайта бас қосты. Өзге де аудандарда өнер сапарымен аралап жүр. Өнерге, білімге құйылған қаржы мен қолдаудан артығы жоқ, — дейді Мағжан Абазалұлы.

Байғағанымыздай, жыр жинағы бірден жарыққа шыққан жоқ. Облыстық «Жастар ресурстық орталығы» жанынан қорыққан, өңірдегі кітапхана жастардың басына бір арнаға тоғыстырған «Кітап құртырағы» ұйымы мен Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті бұйыдан бастап поэзия көшін өткізуді дәстүрге айналдырып үлгерген. Сондай кештің бірінде Мағжан Ералиев жас ақындарға қолдау көрсетілетінін жеткізген. Бұған дейін де ол біздің редакция ұйымдастырған шығармашылық байқауларға қолдау танытқан болатын. Тұсаукесерде айтқысер Серік Ыдырысов шеңдетаты «Сырдың Сахисы» деп атап, ыстық ықыласын білдірді.

Ал балалар ақыны, журналист Құят Адис кітап туралы: «Сырдағы жас ақындардың антологиясы ағаш рет жарық көріп отыр. Қадірлі ханнан жоғары қалып оқырман, іздегеніңіз өз — «Сыр сандықтың» ішінде. Уақыт тас сандықты ашсаңыз, керектің бәрі бар. Бір сәт мұңаңыз, көңілденісіз, тазарасыз, рұхтанасыз, жігерленесіз, жасарасыз» — деген пікірін білдіріп, жас буынның жаңалығына қуанышты екенін жеткізді.

Сонымен бірге шараны бірнеше танылған өнердің сөзін жазған, талантты ақын Ахқол Гүмбетбай мен ақын, журналист Айдар Сайлауов жүргізе жүргенін, әрмен әр тәріптің өзі Әл-Фараби Бекарысулы, күйші, сазгер Ұлтай Ерниязовар кештің көркіні келтіре түсті. Антологияға есімі енген жас авторлар — Жамбыл Бақытәлі, Әлі Асқар, Бекарыс Назар, Аружан Оралбай, Сымбат Сұлтан сынды арулар жана буынның үнін жеткізіп, өз өлеңдерін оқыды. «Қылдан нәзік, қылштан өткір» сөз өнерінің жана көліктерілері «Сыр сандықтың» қазынасы болмақ.

Дина БӨКЕБАЙ

Жерлесіміз Дінмұхаммед АҚПАН М.В.Ломоносов атындағы Мәскеу Мемлекеттік Университетінде оқиды. Жас ғалымның жеткен жетістігі көп. Ол мектеп қабырғасында жүріп-ақ, түрлі интеллектуалды сайыстарда шыңдалды, химия пәні бойынша өткен халықаралық олимпиадада, Корея Республикасында өткен халықаралық «Жас ғалым» ғылыми жобасында жүлдегер атанды. Ой-өрісі өзгеше, ізденісі ерекше жаспен жақында өңгімелесудің сәті түскен еді.

Дінмұхаммед АҚПАН, жас ғалым:

## КҮТПЕГЕН ЖАУАПТАР БӘРІМІЗДІ ҚЫЗЫҚТЫРАДЫ

— Өне-міне дегенше, 2021 жыл бітуге таяу. Сіз үшін бұл жыл қандай сәттерімен есте қалды? Жас ғалым ретінде айтыңызшы, жылдың сізге берген мүмкіндігі қандай?

— Бұл жыл аса күрделі болды. Сонау Ұлы Отан соғысынан бәрі адамзат біріге ешбір сынаққа қарсы тұрған жоқ. Бірақ әр қиыншылық бізді бір жақсы нәрсеге үйретеді. Мысалы, ендігі жерде адамдар ғылым мен білімнің болашаққа бастайтын жалғыз ұғым екенін түсінді. Ғалымдарды бейбіт күннің батыры деп мәртебе көрсетті. Жекі менің ғылыми жетістіктерім үшін бұл жыл сәтті болды десем болады. Биыл көп өлшемді комплекстік кеңістіктің үшіндегі нақты кеңістіктерге классификация жасайтын теорема дөңделген. Ломоносов конференциясында нәтиже жоғары бағаланды. Жаз айынан бастап қазіргі күннің ең мықты математиктерінің бірі, физика-математика ғылымдарының докторы, Ломоносов атындағы Мәскеу Мемлекеттік университетіндегі механика-математика факультетінің профессоры Андрей Ошемковпен бірнеше жұмыс бастадым. Дифференциалды геометрия бағытында маңызды теоремаларға көп жеткізді. Жаңа математика тілінде мұны «Нийенкейге геометриясы» деп атайды. Қысқаша айтқанда, жанама кеңістікте берілген арнайы операторды классификациялайды. Бұл бағытта үш халықаралық конференцияда баяндама жасадым. Өлі де атқаратын жұмыс көп, себебі әр шешілген есеп астында жаңа он сұрақ жатады.

Осы жылы мені 1,5 айлық дискретті геометрия бағытында қырылған жазы бағдарлама үшін Мәскеу физико-техникалық университетіне шақырды. Онда біз қызылған есептер бойынша жұмыс бастадық, 1999 жылы екі өлшемді Морс-Максвелл теориясы құрылды, оны әрі қарай көп өлшемді деңгейге жеткізді. Бұл бағыт бойынша да мақалалар шығанды.

— Математика ғылымымен қиын ғылым ба? Кебіне қиын есептер жауабы логикаға салып ойланғанда қарапайым болып шығатын ғой. Дегенмен кей сәттерде сізде есептің жауабын таба алмай қаламын-ау деген қорқыныш бола ма?

— Сізге кез келген ғалым-математик ең алдымен «математика — тіл» деп жауап береді. Шынымен де, жан-жағымда болып жатқан әр құбылыс, қимыл математика тілімен жазылады. Оның өзге филологиялық тілдерден айырмашылығы — ережелден өзгешелігі болмайды, яғни қазак тілінде куаған жуан, жіңішкеге жіңішке жалғандысына тіпкі деген кірме сөз бар. Математикада мұндай ерекшеліктер болмайды. Сіз санды өлше көбінесеңіз жол болады, бірақ мына сандардан басқасын деп айта алмайсыз. Ол — теорема, ол әрқашан дұрыс. Атақты физик Ричард Фейнман: «математикада қиын деген не? Есеп шіксыз үстүнге болады, яғни қиын емес» деген. Өріне бізді ең алдымен жауабы қызықтырады. Мысалы, екі нүктені алабыз, бірі екіншісінен жоғары болсын. Ешбір күш әрекет етпей бір нүктеден екіншісіне жіберсек,

уақыт жағынан ұтымды траектория қандай? Көбі түзу сызық дейді, бірақ жауабы арнайы қисық — брахистохорна. Міне осы секілді жағдайлар жиі кездеседі, күтпеген жауаптар барімді қызықтырады. Есепті шешу дегеніміз отыра қалып шығара бастау емес, олай болмайды да. Алдымен сенін алдында адамдар қандай нәтиже алғанын түсіну қажет, оларды зерттеп өзіне ұнаған бағытта есепті шырқарған жөн деп санаймын. Қазіргі таңда математика өте кең ғылым, мысалы алгебрамен айналысатын ғалым геометрияны түсіне қоймайды.

— Жыл сайын математика тақырыбында түрлі жобалар қолға алынады. Ал соңғы уақытта бұл ғылымға еңгер өзгеріс бар ма?

— Математика өзге ғылымдарға қарағанда консервативті. Түбегейлі өзгерістерді жақтыра қоймайды. Физикада алдында болған теорияны кеңейтетін жана теория құрылса — бұл өзгеріс, басқа ғылым салаларында да осындай.

— Академик Асқар Жұмаділдаевтің өсебін шығарып, бақ сынан көрдіңіз бе? Есептің өлі күнге жауабы табылмайынша не себеп деп ойлайсыз?

— Математика глобалды тұрғыда үшке бөлінеді: алгебра, геометрия және анализ. Асқар Серқұлұлының өсебі алгебра мен сандар теориясы бағытында. Ал мен геометрия және анализ бағытында жұмыс істеймін. Жалпы барімді математикпз десек те, айналысатын облыстарымыз тым бөлек. Есептің ұзақ жылдар бойы шықпауы математикада қалыпты жағдай. Мысалы, Ферма теоремасы үш жүз жылдан аса уақыт ішімыз таппады. Неге мына есепті шырқарған жоқсыз деу, деп солай ақынға келіп «мына тақырыпта поэма жаз» дегенмен тең. Математика қатал ғылым болса да, мұнда да шабыт пен идея керек.

— Өзіңізді дамыту үшін жаңадан не үйреніңіз келеді? — Тек қана ғылыммен айналысу, менің ойымша қате. Ми деген кез-келген бұлшық ет секілді шаршады, сол себепті қалыпты режимде оны демалдыру қажет. Өзіме теңіз ұнайды, бірақ теңізде кешқұрым серуендеп сан алуан ойларға батып жүру мен үшін демалыс. Жылы күннің шуағы мен толқындаған суға шомылу бар күйзелісті алып кететін секілді. Сол себепті серфингті үйренсем деймін. Тағы бір маған рахат келетін физикалық жаттығу — атқа мініу. Бала кезімнен атқа көп міндім. Қазір Мәскеуде жүріп ауылдағы сол кездерім еске түседі. Физикалық жаттығулар мидағы көрнеулі қажет, ми шаршауы физикалық шаршауға қарағанда аса ауыр тиеді.

— Математиканы академик есекке теңейді. Адамзаттың бар жұмысын атқарғанмен, қадірсіз дегені ғой. Ал сіздің теңеуіңіз қандай болар еді?

— Шынымен де математика бар ғылымның аппараты, барлығы қолданады. Бірақ оның қадірлі жөж дегенге келіспейміз. Бір ғасыр бұрын адамдар ғалымдарды жақсы танытты еді, олар қазіргі теледидардағы жұлдыздар секілді болған. Уақыт өте келе адамдар мұны ұмытты. Біз жалқысыз ас, ешкімге қажеті жоқ нәрсені айналысатын жұмысымызға айналдық. Коронавирус кімін кім екенін анық көрсетті. Вақидна ойлап тапқан — ғалым, цифрлы технологияны дамытқан да — ғалым болып шыға келеді.

Менен алып сұраса: жерде жүріп күлгеннен, аспанға қарап армандаған артық дер едім. Ал аспанға, ғарышқа адамды алып баратын ғалымдар, олардың ғылымдағы жетістіктері.

— Сұхбатыңызға рақмет!

Гүлдана ЖҰМАДИН



— Сабыржан, алдымен жастарға қаысты бағыттарыңды талдасақ, Бұған дейін Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев NEET санатындағы жастар санын жылына кем дегенде 1 пайызға азайтып, 2021 жылға 6 пайызға дейін төмендету туралы жоспар міндеттеген еді. Біздің ахуал қандай?

— NEET деген түсінікке енетін адамдардың статусы құбылмалы. Білімін арттырмаған, жұмыссыз жастардың саны соңғы мәлімет бойынша 1900-ге жуық. Бұл көрсеткіш Қызылорда қаласын қамтиды. Тапсырма бойынша біз үй-үйді аралап, халық санағын жасап отырымыз керек. Оған қала әкімігі тілші күш жұмсағанын өзінде орталықтың жастардың өлеуеті жетпейті деп айтар едім. Егер біз барлық тек осы іске бағыттасақ, өзге жұмыстар ақсап қалады. Сондықтан бастапқы қадамды шағым көп түсетін аудандарды аралаудан бастадық. Үй-үйді аралау жұмыстарына орталық мамандары және еріктілер атсалысты. 50-ге жуық адам Тасбөгет көпірі аумағын аралады. «Ақмешіт» және «Мерей» мөлтек аудандарында 1000-ға жуық үйге барды. Нәтижесінде 60-қа жуық NEET санатындағы жастар анықталып отыр. Ол — орталық тізімінде жоқ, облыстық білім басқармасындағы колледждерден тыс қалған, мектеп бітірген соң өскерге бармаған, атап айтқанда ресми тізімде жоқ азаматтар.

Енді көзекте олардың қайта

даярлау курстарынан өтуіне мүмкіндік жасалады. Бұл ретте орталық мамандары офлайн курстар өткізуді қолға алды. Оның ішінде заманауи кондитер ісі, шаштараз және ширфландыру бағыттары қамтылған. 60-қа жуық жас аталған курстардан өтіп, шеберлігін шыңдады. Қондырлік бойынша қатысқан жасөспірімдер 4-еуі өз ісін бастап, қазір үйде отырып, тәттілер дайындаумен айналысады. Шаштараз ісі бойынша 5 жас жұмысқа орналасты. Осындай кішігірім жобалардың өзін жастарға мүмкіндік сыйлауда. Алдағы уақытта бұл бағыттағы жұмыстар қарқынды жалғаспады.

— Кибербуллинг. Бұл тіркес бізге шеттен келді. Оның көзгеген мақсаты қандай және қазір оның қандай түрлері белен алуда? Жаңашыл жас ретінде кибербуллингтен қорғастың жолы қандай деп ойлайсыз?

Биыл «Qosy!»-дың қатарына қосылғандар көп. Деректерге сүйенсек, мұнда келушілер саны өткен жылға қарағанда үш есеге өскен. Бұл — үлкен жетістік. Бұдан бөлек, кезекті сұхбат барысында жыл көлемінде атқарылған жұмыстар қорытындыланып, жақында үздік те креативті жастарға «Samgau» сыйлығы табысталатынын білдік. Қала жастары бізді тағы қандай жаңалықтарымен қуантты?

Сабыржан КЕҢШІЛІК, қалалық «Qosy!» жастар ресурстық орталығының директоры:

# ЖАСТАРМЕН ЖАН-ЖАҚТЫ ЖҰМЫС КЕРЕК

— Балаға психологиялық қысым көрсету мәселесі өзекті. Бұлай дейтіміз, БҰҰ-ның елімізде жүргізіген зерттеу нәтижесінде балалардың басым бөлігі саби күнінен бастап кемсітуге тап болатыны анықталған. Ал соңғы жылдары сандық технологиялардың дамуына байланысты балаларға қатысты зорлық түріне кибербуллинг, яғни онлайн қорлау қосылған. Мамандардың айтуынша, оның құрбаны — көбіне жасөспірімдер. Сондықтан біз психологиялық тренингтерді кешені жасасдық. Кездесулер, семинар-тренингтер мектептерде оқушылармен емес, керісінше өндіріс және өңбек ұжымдары, ата-аналар шоғырланған орталарда өтті. Себебі ұлы байланыс құралын шектен тыс қолдану денсаулыққа кері әсерін тигізіп қана қоймай, баланың өзіне таныс емес, белгісіз сайттарға кіріп, түрлі топтарға қосылуына, теріс ақпарат алып, санасының ұлауына әсер етуі ғажап емес. Сондықтан балаға,

Сондай-ақ робототехнология үйірмесі ашылды. Оған оқушылардан бөлек колледж, университет студенттерін, IT саласына қызығушылығы бар жастарды қамтыдық. Үшінші үйірме — «11 аймақ». Мұнда арнайы жаттықтырушы бар жастарды өмір салтына үнемі үйірменің арқасында жастар республикалық, облыстық деңгейдегі жарыстарда бақ сынап жүр. Сонымен қатар орталық аумағында гимнастикалық серпін орналастырылды.

Бұдан бөлек «Экzosana» жобасы қолға алынды. Бұл — волонтерлардың арнайы лагері. Күндізгі лагерде 80-нен аса волонтер 8 командаға бөлініп, арнайы тренингтерге қатысты. Лагерь жұмысы аясында белгілі бір жобалар жазуға талап қойылды. Оған қала әкімігі, орталық тарапынан шағын гранттар берілді. Олар 100, 150 мың теңге көлемінде болды. Нәтижесінде тазалықшыларға құрмет көрсету, қоқыстарды сұрыптау бастамалары бастау алды. Қала оқушылары арасында «Қалдықсыз қала» жәрмеңкесі де өткізілді. Ол қойыстан да қажетті дүние жасап шығаруға болатынын байқатты.

Келер жылы «Қашпелі көлеуен» жобасын өткізуді жоспарлап отырмыз. Мақсат — әр ауылға барып, қала жастарының күндері секілді қаладағы мәдени шығармашылық, спорттық ортамен байланыс орнатуға септігін тигізу. Әр ауылдан жастар бұрышын ашу да жоспарда.

— Жылды қорытындылайтын сөз қандай? Ақтарылған істің ауқымы қандай?

— Былтырғы жылмен салыстырғанда орталық қызметін пайдаланушылар саны үш есеге артыққан күйде. 3600-3800-ден, ғимарат қызметін пайдаланушылар саны 10 мыңға жуықтады. Бұл — 10 айдың қорытындысы. Онлайн көмек берудің тәсілі ретінде «@Jumis.bar атауымен Instagram парақшасы ашылды. Ол арқылы бос жұмыс орындарының тізібін жастарға ұсынаудымыз. Сондай-ақ бүгін жылды қорытындылау шарасын өткізбейміз. Еңбегі еленген жастар сахна төрінен табылып, «Samgau» жастар сыйлығының иегері атанады.

Сұқбаттасқан М.САБЫРЖАН

## «Inno.Fest» Qyzylorda: Кімнің идеясы қолдау тапты?



Тәуелсіздіктің 30 жылдығына орай облыс әкімінің қолдауымен «Inno.Fest» Qyzylorda инновациялық идеялар фестивалі өтті.

Ауқымды фестивальде 1500-ге жуық қатысушы мен 200-ге жуық команда тіркелді. Облыс жастарынан басқа Нұр-Сұлтан, Шымкент, Байқоңыр қалаларынан және Түркістан облысынан қатысушылар да болды. Жүлде қоры 2 400 000 теңгеден құрады. Фестиваль қорытындысы бойынша әр секциядан 3 команда жеңіске лайық деп танылды.

Әр жеңімпаз командаға I орын үшін 300 мың, II орынға 200 мың, III орын үшін 100 мың теңге қаржылай сертификат табысталды. Сонымен қатар Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті ректорының грантын 4 қатысушы, «Болашақ» университеті ректорының грантын 4 қатысушы иеленді. 2 командаға Нұрсұлтан Назарбаев Қоры атынан бағалы сыйлықтар және 2 командаға «Болашақ» университеті атынан 50 000 теңгеден сертификат берілді. Бірқатар команда фестиваль ұйымдастырушысы — «Ақпараттық технологиялар орталығы» КММ ұсынған бағалы сыйлықтарына ие болды.

Айта кету керек, фестивальдің ең жас қатысушысы Қармақты ауданы Т.Кемекбаев ауылынан келген 6 жасар Бағдаулет Ерболатұлына арнайы сыйлық табыс етілді. Бастама жаңа перспективаны инновациялық IT жобаларды анықтауға, өз идеясын жүзеге асыруға, ресурстарды, инвесторларды табуға, жобаны көпшілікке ұсынуға мүмкіндік берді.

## Жемқорлықтың жолын кесу маңызды



Өңірімізде «Сыбайлас жемқорлықтың алдын алуға бағытталған ақпараттық түсінілме шараларын ұйымдастыру және психологиялық кеңес беру» әлеуметтік жобасы жыл көлемінде жүзеге асырылып келеді. Аталған жобаны қаладағы «Kemelenu» қоғамдық қоры қолға алды.

Жоба аясында қала аумағында орналасқан ірі мекемелер, кәсіпорындар және халық көп шоғырланған орындарда құқықтық-психологиялық сауаттандыру бойынша сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және алаяқтық мәселелеріне байланысты 40 кеңес беру шарасы өтті. Кеңес беруге психолог мамандар атсалысты. Бұдан бөлек, облыстық санитариялық-эпидемиологиялық бақылау департаментінде, «Сана-Сезім» медициналық орталығында және Болашақ университетінде 15 қатысушыдан құралған дөңгелек үстел өткен. Сондай-ақ 3 әлеуметтік бейнеролик және желіде 20 тақырыптық постер әзірленіп, жарияланды.

Бақытбек КЕНЖЕБЕК, «Kemelenu» қоғамдық қоры директорының міндетін атқарушы

## ЕРІКТІЛЕР МАРАПАТТАЛДЫ



Өзгеге қол ұшын созуды мақсат еткен еріктілер жыл соңына қарай марапат төрінен табылды. Тәуелсіздіктің 30 жылдығына орай «Волонтерлік — өмір белесі» тақырыбымен өткен облыстық волонтерлер сәтінде оларды облыс әкімінің орынбасары Серік Ахмет марапаттады.

Серік Әбжіліұлы бірліктің нағыз үлгісін көрсете білген барша азаматқа, азаматтық қоғам белсенділеріне алғыс айтып, Сонымен қатар ең жағымды марапат — «Халық алғысы» медалін, Ақпарат және қоғамдық аял министрлігі Алғыс хатын, республикалық волонтерлер фронт-офисі директорының алғысын және «Жыл волонтері» облыстық сыйлығын табыстады.

Айта кету керек, олардың қатарында Қазалы ауданы, Өркендеу ауылының азаматы Талап Мырзалы бар. Жылдың жас жастар ұйымына жетекшілік етеді, қоғамдық шараларда белсенді, әрі қайырмдылыққа үлесі бар. Бүгінде Талап бастаған жастар Өркендеудегі жалғызбасты анаға үй салып, қолғабыс етуде. Бұл жаңалық көптің көңіліне қуаныш ұялатты.

# ӘДІЛДІКТЕН — ӘДІЛЕТТІЛІККЕ

Еліміздіміз дәріптеген 30 жыл ішінде кездескен әр сынақ жігерімізді жаңып, ортақ мақсатқа жұмылау себепші болды. Еліміздің даму тенденциясын мән еркімет көшіне ілесуде сан ғасырлық тарихымыздың төреші түскенін аңғарамыз. Тәу еткен тәуелсіздігімізді тұғырлы етуде негізгі фактор саналатын бірлік пен ынтымақ ұғымын шет қалдыруға болмас. Тұңғыш Президент — Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Тәуелсіздік тағалымы» мақаласында «Ағымда сая, ғұн бабаларымыз, беріде қаһарман түрік аталарымыз алашапырған замандардағы алашұйын дауылығарға төтеп беріп, Ұлы далалада ұлық ұлыға құрды. Талай жұрт алапат осың пен арғылшық аяқтарда үдере көшіп, борың тазылып тастай үгіліп, құмды шайылып кеткен замандарда қазықтар ата қонысын,

қара шаңырағын сақтап қалды. Дана бабаларымыз өзін ғана емес, адал ғұрпын, дархан көңілін, таза тілін, әсем әні мен қоныр күйін, майкейт мәдениеті мен бай әдебиетін ұрпағына аманаттай білді. Тамырың да, тарихың да, күш-қуатың да Ұлы даладан алатын, көптеген этнос өкілдері татулық пен келісімде, береке-бірлікте бірге өмір сүріп жатқан дәл осындай елдің ұлы мен қызы болу — әр қазанстандықтың мәндалына жазылған шексіз бақыт» деуі — өзмізге дәлел.

Қазақстан тәуелсіздікке қол жеткізгеннен кейін еліміздімізді әділ сот жүйесі тарихымын екінші кезеңі жүзеге асырылғанын да айту керек. Оны 1991 жылғы 16 желтоқсандағы «Мемлекеттің тәуелсіздігі туралы» заңымен тікелей байланыстырамыз. XXI ғасырдағы ұлт дамуының



маңызды өлшемі — мінсіз және тиімді ұлттық сот төрелігі жүйесі. Сондықтан еліміздің бүгін мен ертеңі үшін әділ сот жүйесі қалыптасуының маңызы зор. 30 жылдық белесте жеткен жетістіктеріміз және дәуір бастауы боларына сенім мол. Әзітшілік пен тұрақтылықты, ынтымақ пен жасампаздықты ұстанған жас мемлекеттің болашағы алда. Халқымыздың тағалымында «Бақыт — бірлікте, байлық — еңбекте» деген тәңірлік бар. Азаттықты аңсап өткен бабалар болашақ ұрпағы үшін қандай сот төбкелі белгілі. Бүгінгі ізбасарлар сол еңбекті ақтайтынды елімізге қызмет етудің жолы.

Дина ҚҰРМАНҒАЗЫҚЫЗЫ, облыстық мамандандырылған ауданаралық әкімшілік соты кеңсесінің аға сот приставы

Бетті дайындаған: Мөлдір САБЫРЖАН

Адамзаттың экономикалық түсінік аясы ғылыми немесе геосаяси ойлау жүйеміз секілді білік таңған шеңберден аса алмайды. Джозеф Местр үстеген көпшілік көзқараспен қарар болсақ: «Әрбір ұлт өзі лайық білік формасында өмір сүреді». Бұл бір жағынан дұрыс та шығар, философ Андре Конт-Спонвиль айтпақшы, үкімет шеңберінің үнемі сынаудан құр оларға мәселені шешу тұрғысынан конструктивті түрде көмектескен тиімді.

# СІЗ БІЛМЕЙТІН ЭКОНОМИКА

Нақты білетінім, қоғам арасында экономикалық сауат артайынша саяси-экономикалық жетістікте бір деңгейде тұралап қаламыз. Себебі тиімді саяси шешім қабылдау қашанда қайсарлықты талап ететіні анық. Ал саясаткерлер болса, сайлаушылардың теріс реакциясынан сескеніп, тың әдіске баруға, тексерілмеген, танымал емес әдістерді қолдануға құлықсыз. Егер қоғам экономика механизмін толық білсе, бұл қоғам иілігіне айналып, өзгеріске тез бейімдеген болар еді. Оның да себебі бар. Өйткені көбіміз саяси шешім қабылдайтын тұлғалардың санасын ояту, барынша ұжымдық рационалды шешім қабылдау үшін интеллектуалды инвестиция салынғанын қалаймыз. Дегенмен көп жағдайда өзіміз сол интеллектуалды инвестицияны салуды өзімізден бастауға дайын болмай шығамыз. Неліктен? Себебі қоғамға интеллектуалды қызығушылық жетіспейді. Біздің қоғам өзін бейтарап әлемде жүргендей сезініп, дағдыны түсінуден шет қалып, орнына өзгерісін экономикалық механизмді игеруін қалайды.

Нобель сыйлығының иегері, қиын экономикалық концепцияларды талдауға қауқары жеткен санаулы экономистің бірі Пол Кругманның керемет еңбегі бар. Кітап атауы – «Қуту тәжелген дәуір: АҚШ-тың 1990 жылдардағы экономикалық саясаты». Автор аталған мәселені бірнеше бөлікке жіктейді:

«Экономикада жазу-танымның үш түрі бар: гректіңді әріптер, жоғары-төмен және өуе.

Гректіңді жазу-таным – формалық, теориялық, математикалық-профессорлар осылай байланысады. Кез келген академиялық саладағыдай, экономикада өз идеясының жалғандығын жасыру үшін күрделі тілді қолданатын хакер мен алаяқтардың саны басым. Оған қоса терең идеяларды білудің тиімді әдісі ретінде пәннің мамандандырылған тілін қолданатын асқан ойшылдар да кезігеді. Міне, бұл – жазу-танымның таралу аясы. Алайда, экономика саласында жоғары білімі жоқ адамдар үшін грек әріптерінің ең танымал емлесін де мүлдем қолданбайды. (Бірде «The Village Voice» шолушысы менің грек әріптерімен талданған туындыларымды көрген болатын. Ол зерттеу еңбегімнен тасада қалған теңдеу, диаграмма мен тылсым графиктерді тапты. Ортағасырлық схоластиканы қолжетімді ететін тіп, қандай керемет десеңші...)

Екінші жазу-таным түріне келер болсақ, жоғары-төмен, яғни көтерілу мен құлдырау экономикасы – бұл газеттердің арнайы айдарында немесе теледидарда кезеңестің экономика тілі. Аталған тіл саладағы соңғы жаңалық пен сандарға тәуелді. Атауы да осы ерекшелікке сай тандалған. Жалықтыруу да тез. Мәселен, «Соңғы статистикалық мәліметтерге сәйкес, тұрғын үй құрылысының көлемі өсуде, бұл экономиканың күрт

артуын көрсетеді. Облигациялар бағасы өзгеріс аясында төмендеді...». Көрсінді бе, экономиканың бұл жазу-танымы тез зерткіретін әдіс. Алайда мұндай жазу-танымды әзірлеу үшін арнайы өнер қажет. Тіпті, қысқамерзімді экономикалық болжам жасау үшін де ол өнер аса маңызды. Өкініштісі, көптеген адам жоғары-төмен экономикалық жазу-таным тек экономистердің қолынан келеді деп санайды. Экономика механизмін толық түсінбеу де осы шала түсініктен туады.

Соңғысы, өуе экономикасының жазу-танымы. Бұл экономикалық бестселлердің жазу-таным тілі саналады. Әсіресе, аталған кітаптар әуежайдың кітап дүкендерінде кең танымал. Негізгі тұтынушы – сатып алушы да іскер саяхатшылар. Кітаптың көпшілігі экономикалық апаратты болжау арқылы тартымдылығын жоғалтпай келеді. Ұлы депрессия, жапон экономикалық корпорацияларының қауіпі, ақша құлдырауы секілді тақырып бұл зерттеу бағытының басты нысаны екені анық. Тағы бір байқағанымыз, өуе экономикасының жазу-танымның ажырамас бөлшегі – «қазшылық» кітап пен басылым. Мұндай «қазшылық» қарама-қарсы көзқарасты, шексіз оптимизмді ұстанады: жаңа технологиялар немесе ұсыныс экономикасы халықты бұрын-соңды болмаған экономикалық прогресс дәуіріне алып келеді деген арманды желеу тұтады. Жалпы, пессимистік немесе оптимистік жаңалыққа бөлінгеніне қарамастан, өуе экономикасының жазу-танымы бәріне бірдей танымал.

Біз барлығымыз экономикалық құбылыстарды қабылдауда шектеулі түсініміз, сенімсіз келетін нәрсеге ғана илану ниетіміз, интеллектуалды қабілетімізді тұншықтыратын жапқаулығымыз бен танымдық өзгерісіміз үшін жауапкершілікті мойнымызға алуымыз керек. Шындығында, барлығымызда экономиканы түсіну қабілетіне иеміз. Бірақ мен көрсеткендей, ойлаудағы қателік, IQ немесе білім деңгейі міндетті түрде ақиқатты қабылдауға кедергі келтіреді.

Мынаны мойындайық: Біз үшін экономика кітабын алудан гөрі фильм көру немесе жақсы триллерді қарау оңайырақ (айтапқышы, бұл сын емес: мен климатология, биотехнология, медицина және



мемлекеттік саясаттың дамуына әсер ететін басқа да ғылым салалары туралы аз оқимын). Осы мәндес кедергілерді жеңген шақта экономика туралы кітапты түсіну оңай болады деп санаймын. Оңай демекші, мысалға келтірген Пол Кругманның «өуе экономикасы» деп аталатын тезистерінің тілі жеңіл екенін айта кеткен жөн. Академиялық зерттеудің кез келген саласы тасаға үңілу, күш-жігер, сенімділік және түсіну деген ұмтылысты қажет етеді. Бірақ егер біз, жоғарыда айтқандай, «өзіміз лайықты білік формасын қалыптастырымыз» келсе, бұл – біз төлеуге тиісті құн.

Автор: Жан ТИРОЛЬ (Jean Tirole)  
Аударған: Еркін ШАМШАДИН

Бүгінгі таңда «ҚазАвтоЖолдың» «тәбеті» тағы ашылып барады. Тиісінше, бұл халықтың наразылығын тудыруда.

Бастамашылар ақылы жолдардың пайда болуы нарықтық экономиканың талаптарынан туындағанын алға тартуда. Бірақ нарықта бәсекелестік те, таңдау да болу керек. Ал «ҚазАвтоЖол» ұстанған тәсіл көлік иелерін таңдау құқығынан айырып қана қоймай, адамдарды тығырыққа тіреп отыр, – дейді депутат.

## АҚЫЛЫ ЖОЛДЫҢ САПАСЫ ҚАНДАЙ?

төлейді. Бұл – қалыпты дүние. Сонымен қатар Министрлік жол бойындағы сервисті дамыту үшін өкімшілік тәсілдерді қолданады. Біз өз тарапымыздан сервис нысанын орналастыруға келісім береміз. Бірақ заманауи жаңа нысандарды салуға жер учаскелерін алу үшін жергілікті атқарушы органдар тарапынан бюрократия жағдайлары орын алып отыр. Түптеп келгенде, жол бойындағы сервис нысандарын дамыту, ең алдымен өкімдіктердің құзыретіне жатады. Өйткені бұл бизнестің дамуына әсер етеді. Сондықтан бұл бағытты дамытуға байланысты мәселелерді шешу үшін жергілікті атқарушы органдар мен бизнес-қоғамдастықтың бірлескен іс-қимылы қажет, – дейді Б.Атамқұлов.

Министрдің дерегіне, 2025 жылға дейін автомобиль жолдарының 11 мың шақырымына ақылы жүйені енгізу жоспарлануда. Бірінші кезеңде биыл 5,8 мың шақырымды ақылы ету міндеті тұр.


Төлем жасалатын жолда жеңілдік іздейтініміз бар. Яғни, жеңілдіктер ақылы жолдарда да қарастырылған екен. Нақты айтсақ, келесі аудандарда тіркелген жеңіл автокөлік иелері ақылы жолдарда жеңілдікпен жүре алады. «Шымкент – Қызылорда» бағытына қарасты Кентау, Сауран, Ордабасы, Байдібек, Сайрам, Жаңақорған, Шиели аудандарында тіркелген автокөліктердің тарифтері төмен.

Сандар сөйлейді: Қазақстан әлем елдерінің ең соңғы жарияланған рейтингтерінде автомобиль жолдарының ұзындығы жағынан – 32, жан басына шаққандағы ұзындығы жағынан – 97, ал оның сапасы жағынан – 93 орында тұр. Былтыр Қазақстандағы ақылы жолдар арқылы 10,7 млн көлік жүріп, олардан 5,7 млрд теңге түсім түскен. Расында ақылы жолды сығна алған қарапайым жүргізушілердің сыны орынды. Ақша төлесе де, жол стандартқа сай келмейді. Үй мен жабайы жануарлар да жолға жиі шығып кетеді. Соның салдарынан жол-көлік апаты көп. Мұндай келеңсіздіктердің соңы азық-түліктің бағасына да әсер ететінін ұмытпағанымыз абзал.



Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрі Бейбіт Атамқұловтың қазіргі жүйеге көңілі толатын көрінеді.

– Ақылы жолдар – әлемдік тәжірибе. Көптеген елде «жолды кім пайдаланады, оны күтіп ұстауға ақы төлесін» деген қағиданы ұстанады. Өйткені инертті материалдарды тасымалдайтын ауыр жүк көліктері жолдың беткі қабатын жиі бұзады. Бұдан бөлек, біздің жолдарды Қазақстан аумағы арқылы қатынайтын үшінші елдердің он мыңдаған транзиттік жүк машиналары тоздырады. Біздің тасымалдаушылар да шет елдердің аумағы арқылы жүріп өткенде барлық алымдарды



МАМАН МІНБЕРІ



**Донор болу – өзгеге өмір сыйлаумен тең.**  
Себебі дер кезінде берілген қан адам өмірін сақтап қала алады. Қайырымдылық үшін 1000 рет қан тапсырып, шамамен екі миллионнан астам сәбидің өмірін аурудан аман алып қалған австралиялық Джеймс Харриссонның өрлігін сіз де білетін боларсыз, бәлкім?! Одан бөлек өз елімізде донор болып, көмек қолын созатындар қаншама?! Сондықтан біз бүгін донор болудың талаптары жайында пайдалы ақпаратпен бөліскен маман кеңесін назарларыңызға ұсынып отырмыз.

**Гүлнәр ӘЛІБЕКҚЫЗЫ, облыстық қан орталығының бөлім меңгерушісі, дәрігер-трансфузиолог:**

# ЭРИТРОЦИТТИК МАССА 42 ТӘУЛІККЕ ДЕЙІН САҚТАЛАДЫ

– Ең алдымен сауалымызды қан тапсыру орталығының қызметінен бастасaq. Бұл жерде күніне қанша адам қан тапсырады? Кез келген тұрғын науқас үшін донор бола ала ма?

– Облыстық қан орталығында күніне шамамен 30-40 донор қан тапсырады. Жасы 18-ден асқан әрбір азамат алдын-ала тексеруден өткеннен кейін донор болып қан тапсыра алады.

– Донор болу үшін қандай талаптар қойылады? Қан тапсыруға дейінгі және кейінгі жағдайы қалай бақыланады? Бір адам науқас үшін қанша көлемге дейін қан бере алады?

– Донор қан тапсыру үшін алдымен дәрігердің қарауынан өтеді. Себебі оның денсаулығы жақсы болуы шарт. Ешқандай диспансерлік есепте тұрмайтын, социалмауы аурулары жоқ азаматтар донор болып қан тапсыра алады. Бұдан басқа қан тапсырар алдында да бірқатар дайындық бар: бір күн бұрын майлы тамақ жемеу, соңғы екі күн ішінде шімдік ішпеу, түнде жақсы тынығып ұйықтап келуі қажет. Әрбір донордан 450 мл көлемінде қан алынады.

– Донор болуда қан топтары маңызды ма? Қай қан тобына донор жетіспейді? Қай қан топтары бір-бірімен сәйкес келеді?

– Кез-келген қан тобындағы адамдар донор болып қан тапсыра алады. Яғни, қай қан тобы болсын барлығы маңызды. Өйткені кез-келген қан тобының жетіспеушілігі болуы мүмкін, оларды алдын-ала болжап айта алмаймыз. Науқастардың ауыр жағдайда аурухана түсуіне байланысты барлық адамнан қан алынады.

– Науқасқа құйылатын қанның сапасы қаншалықты сенімді? Қан қанша уақыт, қайда сақталады? Эритроцит 42 күн, плазма температурасына қарай 2-10 жылға дейін сақталады деген ақпарат қаншалықты рас?

– Облыстық қан орталығы Қызылорда облысын қанмен қамтамасыз етеді. Біздің орталық қан және оның өнімдерін науқастарға қуағо бірнеше сатыдан тұратын тексеруден өткеннен кейін ғана береді.


– Қан және оның өнімдері арнайы тоназдықталып сақталады. Иа, эритроциттік масса арнайы тоназдықталып 42 тәулікке дейін, плазма арнайы мұздатқышта 3 жылға дейін мерзімде сақталады.

– Донор болудың қандай пайдасы бар? Қанша уақытта қанды қайталап тапсыруға болады?

– Донор болудың ағзаға пайдасы өте көп. Атап айтсақ жүрек-қан тамыр ауруларының алдын алады, жоғарғы қан қысымын ретке келтіреді, қанның коагуляция жол бермейді. Әрбір 2 ай сайын донор болып қан тапсыруға болады.

– Сұхбатыңызға рақмет!

Гүлдана НҰРТАЙҚЫЗЫ



## ВЕЙП ЭПИДЕМИЯСЫ БЕЛЕҢ АЛЫП БАРАДЫ

«Сіздің денсаулығыңызға зиян». Темекі қорабының сыртында осылай жазылғанмен мөн беріп жатқандар аз. Бұл – тәуелділік. Бойы үйренген адамның темекіден бас тарта салуы өсте мүмкін емес. Дәлелденген дүние. Оның үстіне қазір электронды темекіге қызығушылар көбейді. Жастар арасында да...

сапалы және қолжетімді денсаулық сақтаудың ұлттық жобасы бекітілді. Ұлттық жобادا 13-15 жастағы балалар мен

арналған жүйенің немесе кез келген өзге де аспаптың көмегімен пайдаланатындай етіп дайындалған

Зияны басым өнімге қатысты зерттеу жұмыстары толастаған кез жоқ. Денсаулық сақтау министрлігіне қарасты санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитеті өнімнің қауіпсіздігіне мониторинг жүргізу мақсатында электрондық шылымға, оның ішінде никотинмен құрамдас компоненттердің сандық құрамын айқындау бойынша бір реттік вейптерге зерттеу жүргізуде.

Сонымен қатар елімізде медициналық-санитариялық бақылау комитеті ұлымыздың базасында 166 жастарға арналған денсаулық орталығы және 1 жастар ресурстық орталығы жұмыс істейді. Мұны ашық деректерден білдік. Мамандар да темекі екпеге, бүйрекке зиян деп дабыл қаққалы қашан?! Сондай-ақ оны ұзақ уақыт пайдаланғандар қатерлі ісікке душар болуы мүмкін деген болжам да кездеседі.

«Ұлы заттың адам ағзасына бірінші тартқаннан-ақ кіріп, қанға өтіп кететіні анық. Әсері психикалық тәуелділікке итермелейді. «Бұдан басқа ҚР Президентінің Жарлығымен 2021-2025 жылдарға арналған «Денсау ұлт» әрбір азамат үшін

ересектердің арасында темекі өнімдерін тұтыну туралы зерттеу жүргізу, темекі өнімдеріне акцизді кезек-кезеңімен арттыра отырып, темекі өнімдерін тұтынуды қысқарту, жасөспірімдер мен жастардың психикалық және репродуктивтік денсаулығы және тағы басқа шаралар қарастырылған. Сондай-ақ, бүгінде қолданыстағы заңнама талаптарын сақтау тұрғысынан әлеуметтік медианы қоса алғанда ақпараттық алаңға тұрақты негізде мониторинг жүргізілуде», – деді бір сөзінде Премьер-Министрдің орынбасары Ералы Тоғжанов.

Онлайн тапсырыс беру, керек затты үйге алдырту карантин кезінде қатты дамыды. Ал бұл инстаграм әлеуметтік желісіндегі темекі өнімдерінің сатылымын екі есе арттырғаны анық. Әсіресе, осындай желілерден мектеп оқушыларының зиянды затқа әуестігі байқалады. Психологтардың айтуынша, бұл ересектерге еліктеуден. Ал «Темекі түтінінен азат Қазақстан үшін» ұлттық қозғалысының жетекшісі Жеміле Садықова «Былтыр Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» кодекске қол қойған болатын. Кодекстің 110-бабында 248-тармақ бар. Онда «Темекі бұйымдары – қыздыруға

шікізат ретінде темекі жапырағынан, темекі есімдігінің басқа да бөліктерінен толық немесе ішінара жасалған өнімдер» деп айқын жазылған. Вейп дегеніміз – осындағы «кез келген өзге аспап». Ендіше, вейп те қоғамдық орындарда ашықтан-ашық ұсынылмауға, пайдаланылмауға және сатылмауға тиіс деген пікірде. Орында ұсыныс жерде қалмаса дейміз. Өйткені оның зиянды тұсы – токсинді химикаты. Ғалымдар хош иістендіргіштерді зерттей отырып, олардан 75 процентінде диацетил токсинді химикатының кездесетіні анықтаған. Ол өлімге жетелейтін «попкорн ауруды» дамытатыны белгілі болды. Диацетил көптеген хош иістендіргіштерде (кемісті хош иістендіргіш, кондитерлік тағамдардың иісі, кампит) кеңінен қолданылады. Осындай азық-түліктердің майды пайдалану бронхиттің дамуына өкеледі. Ол попкорн өндіретін компанияның қызметкерлерінде кездесіпті. Яғни, диацетилді тағамдарға қосуға рұқсат болғанмен, оны көп уақыт бойы іскеп жүру – дертке шалдықтырады. Тыныс алу жолдарында артық проблемаларға жолықатыңыз келмесе, диацетилден сақ болған жөн.

**Р.С. Бүгінде Қазақстандағы жасөспірім және ересектердің 21,5 проценті (2,8 миллион) темекі ішеді. Жалпы темекі тұтынудың жалпы таралуы 2014-2019 жылдар аралығында 22,9 проценті құраған.**

Мөлдір САБЫРЖАН

## Ғалымдар медициналық қалдықтарды жоюдың әдісін тапты



Өл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ғалымдары биомедициналық қалдықтарды жоюдың инновациялық әдісін ойлап тапты.

Отандық ғылыми зерттеушілер әзірлеген қалдықтарды қайта өңдеудің плазмалық технологиясы мен плазмохимиялық реактордың әлем бойынша баламасы жоқ. Әзірлемелер арнайы патентпен қорғалған. Қалдықтарды жоюдың плазмалық технологиясының бірегейлігі оның биомедициналық қалдықтарды толық термиялық запалсыздандыруға мүмкіндік береді. Нәтижесінде өңдеу тиімділігі артып, процесске энергия аз шығындалады.

«Плазмохимиялық реактордағы қалдықтарды өңдеу 2000 К дейінгі температурада жүреді. Бұл минералды қалдықтардың еруін жақсартады және улы компоненттердің пайда болуына жол бермейді», – деді Өл-Фараби атындағы ҚазҰУ эксперименттік және теориялық физика ғылыми-зерттеу институтының бөлім меңгерушісі Александр Устименко.

## 2600 грант бөлінеді



Елімізде 2021-2025 жылдарға арналған «Денсау ұлт» ұлттық жобасының шеңберінде аса тапшы медициналық мамандықтар резидентурасының грант санын арттыру жоспарланып отыр.

Бұл мақсатқа республикалық бюджеттен 39 млрд 954 млн теңге, жергілікті бюджеттерден 11 млрд 568,3 млн теңге бөлу көзделген. Келер жылы 1500-ден, 2025 жылы 3800 грантқа дейін кезек-кезеңімен ұлғайту қарастырылды. Ол үшін 2022 жылы 1500 грант, 2023 жылы 2600, 2024 жылы 3080, 2025 жылы 3800 грант бөлу жоспарланды.

Бұдан бөлек, жетекші әлемдік орталықтарда 156 дәрігерді оқыту жүзеге асырылады деген ақпарат бар.

## Нобель сыйлығын кім алды?



Медицина бойынша 2021 жылғы Нобель сыйлығы Дэвид Джулиус пен Ардем Патапутяна бұйырды. Хабарландыру трансляциясы сыйлықтың Twitter-дегі ресми акаунтында көрсетілді.

Джулиус – Сан-Францискодағы Калифорния университетінде жұмыс істейді, физиолог. Ол ментол, қыша майы мен калсацинге әрекет ететін рецепторларды зерттеу ретінде белгілі.

Патапутяна – Скриппс ғылыми-зерттеу институтының биологы. Ол температураға, ұстағанға және торлар көлемінің үлкеюіне белсеніп түсетін иондық каналдар мен рецепторларды зерттеумен айналысады. Сыйлық мергерлеріне 10 млн крон, яғни 1,5 млн доллар берілді.

# ТУҒЫРЫ БИІК ТӘУЕЛСІЗДІК

**Азаттықты аңсаған ата-баба ғұмырына үңілсек, бүгін бір ұлттың тағдыры шешілетін жеңісті сәт – ел тәуелсіздігіне жетер жол қай кезде де жеңіл болмаған. «Ащы менен тұщыны тағтан білер, жақсыменен жаманды жортқан білер» деген сөз азат ел құрудың қаншалықты күрделі екенін оның басы-қасында жүргендер ғана сезіне алатынын меңзесе керек.**

16 желтоқсан – теңдесі жоқ тарихи күн, жалпыұлттық мереке. Осыдан отыз жыл бұрын аталған күні Қазақстан өз тәуелсіздігін жариялағаннан кейін ел дамуында жаңа тарихи кезең басталғаны баршаға аян. Бейбітшілік пен келісім, саяси тұрақтылық пен экономикалық өсудің жаңа жүйесі қалыптасты. Қазақстан Республикасының Туңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың басшылығымен жас мемлекет әлем қауымдастығынан лайықты орын иеленіп үлгерді.

Тарих ауымында 30 жыл қас-қағым сәт екені рас. Алайда ел ішінде қысқа мерзімде жүздеген жылға пар-пар қадамдар жасалып, жоспарлар іске асты. Қазақтың заңнамалық жүйесі де дербес, адам құқығы мен өмірін басты орынға қоятын дамыған елдерден ескі қалмай, тарихтан белгілі «Есім ханның ескі жолы», «Қасым ханның қасқа жолы», «Тәуке ханның жеті жарғысын» жалғастырып, мәңгілік ел болудың алғышартына айналғандай. Қазақ хандығы да осы жүйе бойынша құрылып, даму жолына түсті. Тарихшылардың айтуынша, ол дәуірдегі билік жүйесі «Тағанақ кеңес» және «Турымтай кеңес» деп аталатын екі жүйеге негізделді. Белгілі этнограф Зейнолла Сәнік: «Тағанақ кеңеске» хандыққа қарасты елдің ең басты рубасылары, білікті билер, қолбасшылар, жыраулар қатысады. Онда хандықтың ірі істері талқыланып, ел ішіндегі дауларға шешім жасалған. Алда атқарылатын жұмыстар, халықтық қорғаныс жұмыстары талқыланып, соған сай жарғылар қабылданған. Ел билеуші хан осы Тағанақ кеңесте сайланатын. Ол сол елдің мәселесін қарап, кеңес алдында есеп беруге міндетті», – деп жазады. Осы орайда ҚР Ата Заңына сүйеніп

жұмыс жасайтын сот сараптама институтының қызметін атап өтуге болмайды. Сот сараптама қызметінің мақсаты – қылмыстық, азаматтық, және әкімшілік үдерісте не сотта қатысушы азаматтардың құқықтарын қамтамасыз етуде сот сараптамасын жүргізу арқылы әділдікке жету.

Айта кету керек, сот сараптама үдерісі қазақ және орыс тілінде жүргізіледі. Сот сараптамасы жаңа түрлерімен толықтырылуда. «Азық-түлік тауарларын сот сараптамалық зерттеу», «Психологиялық-криминалистік зерттеу», «Психологиялық-физиологиялық зерттеу» түрлері бойынша да істер қаралуда. Сонымен қатар ҚР азаматтары өзінің толғандырыған сан түрлі мәселелері жайлы ақылы түрде сот сараптама қорытындысын қолына алу мүмкіндіктері қарастырылған.

Жыл сайын ел Президенті Қ.Тоқаев қабылдаған мемлекеттік бағдарламалар азаматтардың тұрмысын жақсартып, тәуелсіздікті нығайтуға бағытталған. Елбасы өз Жолдауында құқық қорғау жүйесін реформалаудың бағыттарын көрсетіп берген болатын: олар – құқық қорғау жүйесін оңтайландыру, әрбір мемлекеттік органның нақты құзыретін белгілеу, заңдарды ізгілендіре отырып сапасын арттыру, азаматтардың құқығы мен мемлекеттің мүддесін қорғау.

Жолдауда айтылған бағыттарды жүзеге асыру және сот сараптама жүйесіне деген жалынқын сенімін арттыру – біздің міндет. Жаңа ғасырдың жиырма екінші жылы тәуелсіз елге бәсекеге қабілетті жастар мен жаңа жетістіктер сыйлап, ырсы алып келсін! Ел аман, жұрт тыныш болсын!

**Индира НҰРЫМБЕТОВА,**  
облыстық сот сараптамалар институтының бас сарапшысы

Сені көріп,  
Серпілістен селк етіп, төзім, демім,  
Таға алмаппын таласып сезімге мін.  
Түнді таңның орадым құшағына Қараңғыны қор етіп көз ілмедім.

Сені көріп,  
Артық ауыз сөз айтып, күндемедім,  
Жанарымда билеген төрбеле мұң.  
Хал сұрадың, жаным жақын келіп,  
Сонда сөздім қолымның терлегенін!

Сені көріп,  
Қасіреттің шарабын қанып іштім,  
Қадіріне жете алмай бақ, ырыстың,  
Мезгілдердің көшінен мекен таппай,  
Әр сәтінен маусымның жаңылыстым.

Сені көріп,  
Сағыныштан сабырсыз құрғыр денем,  
Сәтсіздікке ән салдым бүгін де мен.  
Көзге ілмей өтуің – мың уайым ғой,  
Бөлкім, ол – ғұмыр деген!

Басқа тұсқа көшеді екен кей сана,  
Мен бақытты

өзің жаққа жолдағам.  
Жылы сөздер жазылатын болса да,  
Берілмейді оң баға!  
Сөзбей қалдым, демі кеткен астың да,  
Шаштарымның сұлулығы жоғалған!  
Ұқсап барам ұзамайтын қашқына,  
Табыла ма жол алдан?  
Кінәнің тәсілін де ұмыттым,  
Мишығымна мұнар салған мың түрлі ой!

Жансыздықтың арасында жүріпін,  
Жылап аламын, күлкім ғой!  
Еркіндігімі! Тапа тап түсі!

Екінді!  
Тағы аяусыз күндер өткен көңілісі!  
Біздің тағдыр – "құжат-қағаз" секілді!  
Бітетіні, бітпейтіні белгісіз!

Кездейсоқтық сыйлап көткен "кешепі" Қиялыммен кешкен түнге құрбан өң!  
Таң атқанша өлең оқы десе егер.  
Талқылмастан тағдырымды жырлар емі!  
Талқылмастан тағдырымды жырлар емі!

Гүлжанат ҚАДЫРБЕКОВА

## Жылауық төбе

Алыс жол емес еді шығыны ауыр,  
Жиендерін аңса-туғын ауыл.  
Нағашылар еліне себеп тауып,  
Баратынбыз, әйтеуір, жылына бір.

Көкжиекке Күн барып құлағанша,  
Жөнелеміз көлікпен жұма болса.  
Төркінін сағынатын анам менің,  
Төркіншіл емес еді бірақ онша.

Бала едім, ойын қуған, кешпейтін мұң,  
Арасында оянып кешкі ұйқымын.  
Жол үстінде айтылған әңгімеден,  
Жылауықтөбе жайлы еститінім.



Қадымдай жер қалғанда төбе таман,  
Көзге жас алады екен кенет анам.  
Көңілді толқытатын осы маңды,  
Сонда әкем  
Жылауықтөбе деп атаған.

Мен де мұны киеге келдім балап,  
Сәттер өтті, себебін көрдім қарап.  
Сол биікке шыққанда нағашымның  
Көрінеді ауылы менмұңдалап.

"Менмұңдалап ауылы көрінгенге,  
Соған бола анашым егілген бе?!"

Сол төбеге сіңдіріп анам жасын,  
Кіріп бара жатамыз көңілді елге.

Қарап тұрсаң, ылди бір, төбе бірдей,  
Бірақ сол жер кештірді неше бір күй.  
Жылауықтөбе сіміріп алған жасын,  
Көрсетпейді еліне шешем ылғи.

Жылауықтөбе дегенде Жылауықтөбе,  
Жылауықтөбе мен үшін тұрақ көне.  
Мен де анамдай аңсаймын ауылымды,  
Жыламаймын көргенде бірақ неге?

Жыламаймын нәліктен ел көргенде,  
Сөзім сөніп, нәмене шер де өлген бе?!  
Өлде соңғы Сағыныш – шын Сағыныш,  
Сол Жылауықтөбеде жерленген бе?

Дәулет ЖАДЫРАСЫН

**Сізге адамдарға «жоқ» деп жауап қайтару қиын ба? Жеке өмір мен жұмыстың, отбасылық қарым-қатынас пен күнделікті тіршіліктің арасында өзіңді таппай қалдыңыз ба? Жоспарларыңыз да, алға қойған мақсаттарыңыз да бар, бірақ дәл қазіргі сәтте қалаған дүниеніңді жасауға, сүйікті фильмді көруге немесе жалғыз қалуға уақытыңыз болмай жүр ме? Осындай хаоспен күресуге көмектесетін жалғыз құрал – жеке шекараны білу және қорғай алу.**

### ПСИХОЛОГИЯДАҒЫ МӘНІ

Жеке шекара немесе жеке кеңістік – адамның өзімен, айналасындағы адамдармен қарым-қатынасындағы жеке принциптерін, құқығын, тұлға ретінде «менің» бағалауы. Әр адам психосоциальды тұрғыдан ғана емес, физикалық тұрғыдан да жеке шекарасын сақтау білуі тиіс. Өз «меніңізге» қараңыз. Сол ғана эмоцияңызды, қалауыңызды, ойыңызды анықтайды, қауіпсіздігіңізді қамтамасыз етеді. Яғни, жұрттың бәрі біле бермейтін, естімейтін «ішкі» даусыңыз – сіздің меніңіз. Жеке шекараның бұзылуының кең таралған түрлері:

- адамнан ағып, кеңес сұрамасаң да, ақылын үйіп-төугі;
- жеке телефоныңдағы чаттарды рұқсатсыз оқуы;
- басқа адамның міндеттерін ойланбастан өз мойнына алу.

### БАЛАЛАРДА ЖЕКЕ ШЕКАРА БОЛА МА?

Балалар бір жасқа келгенде өзінің қолы мен басқа адамның қолын ажырата алатын болады. Осы кезден бастап балалар жеке кеңістікті қабылдай бастайды. Баланың жеке күн тәртібінің болуы, ата-анасы, отбасымен қарым-қатынасынан бөлек уақытының болуы, жеке бөлмесі, жеке телефонының болуы – балалардағы жеке шекараның құрылу белгілері. Егер сіз бір рет болсын осындай әрекеттерге барсаңыз, баланың жеке шекарасын бұздыңыз:

- баланың рұқсатсыз телефонын ақтару, чаттарды оқу;
- баланың бөлмесінің есігін қақпай кіру;
- баланың киім алуға, жеке заттарды сатып алуға қатысты пікірін, қалауын көзге ілмеу.

### ЕРКІНДІК КЕРЕК

Кішкентай баланың бойындағы дарынын анықтау үшін оған еркіндік беру керек, оның жеке шекарасын сақтау қажет. Еркін ескен бала өз қалауын орындайды, өз ойын ашық айтады, өзіне не керекін нақты білетін болады. Сондықтан өзі қалаған ойынды ойнайды, іс-әрекетті жасайды. Мысалы, бір бала музыканың дауысын естісе, ынылдап не би билеп кетуі мүмкін, бір бала физикалық түрде бір сәтке болсын тынышмай, секіріп, жүгіріп жүреді, ал енді бір бала тыныш қана сурет салуды, үйдің суретін салуды жақсы көруі мүмкін. Осындай детальді сәттерде баланың дарынын бақылап, әрі қарай қабілетінің ашылып, дамуына жол сілтеуге болады.

Ал сіз баланыңа отырма, жүгірме, қозғалма, үндеме деп тыйым сала берсеңіз не болмақ? Өрине, ондай қысымда ескен бала өз ойын ашық айта алмайды, өзі қалайтын нәрсені жасауға қорқады да, іштей тынып жүре береді. Дарынын байқаптай, сіз байқамай, осы маңызды сәттерге өзің тыйым салатын боласыз. Сондықтан, ұмытпаңыз, еркіндік – тұлға болудың кілті.

**PS.** Сіз жеке шекараның қорғай білмесеңіз, өзгерлердің өмірін сүресіз. Ал барлық адамды өмірді бір рет қана суретінің білетін боларсыз? Бірінші рет өмір сүріп жатқан адам үшін қателесуге, адамдарға жоқ деуге де болады. Ең бастысы – өзің қалағандай өмірді сүріп үйрену.

Нұрсұла ҚУАНЫШҚЫЗЫ,  
психолог

# ШЕКАРАДАН ШЫҚПАЙЫҚ!



**Куаныш ЖАНУЗАҚОВ,  
Қызылорда облысының дін істері  
басқармасының басшысы:**

# ЗАЙЫРЛЫҚ - ДІНДІ ТЕРІСТЕУ ЕМЕС

– Куаныш Қуантұнылы, толеранттылық дінаралық татулықтың негізгі төтігіне айналғаны белгілі. Сондықтан алғашқы сауалды жалпыадамзаттық ұғым төңірегінде өрбітсек. Қазіргі таңда зайырлы қоғамдағы діни ұстаным түсінігі толық қалыптасты деп айта аламыз ба?

– Расында, дін – мемлекеттік саясаттағы және қоғам азаматтарының рухани өмірі мен мәдениетіндегі маңызды фактордың бірі. Адам мен қоғам өмірінде ерекше орын алатын дін рухани мәдениеттің қалыптасу үдерісінде негізгі функцияларды атқарады, мәдениеттер мен өркениеттердің дамуына ықпал етеді. Дін дегеніміз тек сенім жүзесі емес, ол – өмір сүру мәнері, моральдық нормалар, қарым-қатынас әдебі, рухани қағидалар жүйесі. Сондықтан салаға қатысты әрбір ұстаным, ұғым ерекше саралауды қажет етеді.

Алдымен зайырлы қоғамның аражігін ажыратып алған жөн. Елбасы Н.Ә. Назарбаев: «Зайырлы мемлекет пен қоғам, бұл – біздің тарихи таңдауымыз. Зайырлы атеистік дегенді білдірмейді. Зайырлы дегеніміз, бұл – озық, толерантты, ашық қоғам», – деп атап көрсеткендей, зайырлылық – бұл біздің таңдауымыз. Заң аясында да аталған ұстаным бекіген. Оған мысал – Қазақстан Республикасы Конституциясының 1-бабының 1-тармағы. Онда «Қазақстан Республикасы өзін зайырлы, құқықтық мемлекет ретінде орнықтырады» делінген. Конституциялық негіздегі «зайырлылық» ұғымы мемлекет барлық сала, оның ішінде дін саласында да ашық және айқын саясат ұстанатынын, азаматтардың ар-ождан бостандығын қамтамасыз ететінін, дін мен саясатты араластырмайтын білдіреді.

Яғни, зайырлылық – дінісіздік немесе дінді терістеу емес, ол – мемлекеттің діни нормалармен емес, құқықтық қағидалармен басқарулы білдіреді. Зайырлы мемлекетте дінін өзіндік орны бар. Дін мемлекеттен бөлінгенімен, халықтың болмысы мен тұрмыс-тіршілігінен бөлінбейді. «Зайырлылық» ұғымы мемлекеттің дінге деген ұстанымының демократиялық сипатта екендігін, діни сенім бостандығының қамтамасыз етілетіндігін танытады. Мемлекет пен дінің арақатынасындағы жанды байланыстар зайырлы және рухани-діни құндылықтардың арақатынасы негізінде орныққан.

Сондықтан, зайырлы қоғамдағы діни ұстаным туралы түсінікті қалыптастыру үшін елдегі 18 конфессия өкілдері өзара ынтымақ пен келісім аясында ортақ ұстанымды сақтайды. Олар – қоғамдағы моральдық-адамгершілік құндылықтарды сақтау, халықтың дестүрлі құндылықтарын дамыту, отбасы және неке институтының маңызын арттыру.

– **Басқарма тарапынан апараттық-түсіндірме жұмысын өткізу жиілігі қандай?**

– Аймақта конфессияаралық келісімді насихаттауға арналған түсіндіру жұмысы тұрақты өтуде. Әсіресе, тұрғындарға конфессияаралық келісімді қамтамасыз ету саясатында қол жеткізген жетістік, әлемдік және

дестүрлі діндер лидерлерінің съезі, Қазақстан халқының дестүрлері, рухани-мәдени толеранттылығы туралы ақпараттандыру жүргізіледі.

Жоғарыда аталған бағыттар бойынша жүргізілген жұмыстардың нәтижесі өңірде дінаралық татулықты нығайтуға оң әсерін тигізіп келеді. Мысалы, биыл әлеуметтік сауалнама жүргізілді. Қорытындысы бойынша «Сіз өзге дін өкілдеріне, мерекелері мен рәсімдеріне, дестүрлеріне қалай қарайсыз?» деген сұраққа респонденттердің 80 проценті «өзге дін өкілдеріне, мерекелері мен дестүрлеріне құрметпен қараймын» деп жауап берген.

Мұндай оң нәтиже сала мамандары еңбегінің жемісі екені сөзсіз. Қазіргі таңда облыста дін саласында 9 ақпараттық-түсіндіру тобы бар. Оның құрамына теолог мамандар, ғалымдар және түрлі сала өкілдерінен үйлестіруші басшылық алқасы тартылды. Соңғы кезеңде тұрғындар арасында мақсатты аудиторияға әсер ету тәсілдері енгізіліп, атаулы ақпараттық-түсіндіру жұмысының ауқымы кеңейтілді. Атап айтқанда, мақсатты аудиториямен (діндарлар, жастар, өзін-өзі жұмыспен қамтышылар, сотталғандар т.б.) теологиялық сұхбат жүргізумен қатар әлеуметтік қолдау, қайырымдылық акцияларға үлес қосу, медициналық көмек көрсету, отансүйіштік бағыттағы қойылымдарға қатыстыру, спорттық сауықтыру орталықтарына апару, тарихи-танымдық көрмелермен таныстыру, бейресми дастархан басында кездесу өткізу әдістері сәтті қолданылды.

Биыл жергілікті тұрғындар арасында терроризм және радикалдық идеологияға қарсы иммунитетті қалыптастыру, мемлекеттің дін саясатын жүзеге асыру мақсатында өткен шараларға 20 мыңнан астам тұрғын қамтылды.

Реті келгенде ғаламтордағы қауіпсіздік туралы ата өткім келеді. Бүгінде ғаламтор мен түрлі әлеуметтік желі пайдаланушыларға лезде және жасырын ақпарат тарататын құралға айналды. Түрлі деструктивті діни ұйым мен ағым өкілдері өз қатарына жаңа жақтастарды тарту және теріс идеяларын тарату үшін әлеуметтік желіде белсенділік танытуда. Алайда еліміздегі экстремизм мен терроризм идеяларын анықтау, алдын алу, ескерту және жолын кесу бағытында жүргізілген шаралар нәтиже беріп келеді. Осы ретте, деструктивті идеяларды ауыздықтау мақсатында іске асырылып отырған жұмыстардың дені БАҚ пен ғаламтор кеңістігінде жүргізіліп отырғанын айта кету қажет. Сондай-ақ, ғаламторда деструктивті идеяларын дер кезінде анықтау және жолын кесу мақсатында мемлекеттік органдар «Киберқадағалау» жүйесін пайдалануда. Осы арқылы діни радикализм, экстремизм және терроризм идеяларын таратумен және насихаттаумен айналысатын интернет-ресурстардың қызметі сот шешімімен бұғатталып отырады. Бұл жұмыстардың барлығы зайырлы мемлекетіміздің қауіпсіздігі, тұтастығы мен ұлтаралық, дінаралық татулықты сақтау мақсатында республикалық кешенді бағдарламалар бойынша іске асуда.

– **Діни теріс идеологияға қарсы тұру көзі – білім сапасын арттыру. Осы орайда аймақтағы жастардың діни білім алуын қадағалау қаншалықты жүйелі жүргізілуде?**

– Шетелдік теологиялық оқу орындарына барып, білім алуға ниетті талапкерлерді анықтау, олардың діни көзқарастарын саралау бағытында бірқатар жұмыс жүргізілуде. Мектеп бітірушілері, орта арнаулы және ЖОО студенттері мен жастар арасында әлеуметтік сауалнамалар ұйымдастырылды.

Биылғы жылдың III тоқсанында жастар арасында жүргізілген сауалнаманың қорытындысы бойынша шетелде діни білім алғысы келетін жастардың үлесі 5 процент, қазақстандық діни оқу орындарда оқуға ниеттілер үлесі 17,3 процент болды. Қараша айында сауалнама жоғары оқу орны, колледж студенттері, басқа да жастар арасында жүргізілді. Алдағы уақытта облыстағы маргинал және NEET санатындағы жастар арасында сауалнама ұйымдастырылатын болады.

Оған қоса биыл облыстық дін істері басқармасы облыстық білім басқармасымен бірлесіп, пилоттық режимде әлеуметтік сауалнама ұйымдастырды. Негізгі мақсат – мектеп бітірушілердің діни көзқарастарын білу, діни білім алуға ниетті жастардың үлесін бақылау, өңірде жоғары сынып оқушылары арасындағы шетелде діни білім алуға қызығушылықты анықтау. Сауалнамаға 9-11 сыныпта оқитын 10 мыңнан астам оқушы қатысып, толыққанды ақпарат алуға мүмкіндік тауды.

Аталған шараның тиімді түсі кейінгі жұмыс жоспарға тікелей әсер етуімен құнды. Мысалы, сауалнама нәтижесі бойынша жастардың басым бөлігі діни білім алуға емес, шетелде білім алуға қызығушылығы бар екені анықталды. Жоғары сынып оқушыларының 7 проценті шетелде діни білім алуға, 3 проценті «Нұр-Мұбарак» Египет-Ислам университетінде оқуға ниетті екенін білдірген.

Сауалнама нәтижелері бойынша ақпараттық түсіндіру тобының мүшелері шетелде білім алу мен діни білім алудың дұрыс жолдары, рұқсат етілген не етілмеген оқу орындары, олардың қауіптілігі жайлы ақпараттық-түсіндірмелік семинар дәріс жүргізді. Сондай-ақ, Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Дін істері комитетімен ұсынылған 11 ережден тұратын шетелге оқуға кететін азаматтарға арналған дін мәселелері бойынша жадынама таныстырылып, шетелдік және отандық ЖОО, теологиялық оқу орындары жайлы түсіндірілді.

Мектеп бітірушілерімен жүргізілген әлеуметтік сауалнама нәтижесінде діни білім алуға қызығушылығы бар түлектер анықталып, облыс әкімінің грантымен әлеуметтік жағдайы бойынша 21 мектеп бітірушінің тізімі жасақталды. Жасақталған тізімнен 8 мектеп бітіруші түлек «Нұр-Мұбарак» Египет-Ислам мәдениеті университетінің грантын иеленсе, 5 түлек облыс әкімінің грантымен студент атақты.

– **Сұхбатыңызға рақмет!**

Өңімелескен:  
Еркін ШАМШАДИН

## Татулық – тұрақтылық кепілі




Достық үйінде облыстық дін істері басқармасының ұйымдастыруымен діни бірлестіктер клубының жылдық қорытынды отырысы өтті. Аталған Шара Тәуелсіздіктің 30 жылдығына арналып, көпұлтты мемлекеттің бүгінгі болмысына баға беруге жол ашты.

«Қазақстан Республикасына 30 жыл: конфессияаралық келісім моделін қалыптастыру жолдары мен жетістіктері» тақырыбындағы басқосу діни бірлестіктер арасында татулық пен тұрақтылықты одан әрі нығайту мақсатында ұйымдастырылған. Еркін форматта өткен шарада басқарма басшысы Қ.Жанұзақов сөз сөйлеп, діни бірлестіктер клубының мүшелерін мерекемен құттықтады.

– Егемен еліміздің татулық пен ынтымағы – болашақтың ұстыны. Бір шаңырақ астындағы ұлт пен ұлыс түрлі діни сенімде болғанымен, мақсаты бір, ол – Қазақстанның келешегін жарқын ету. Сондықтан бірлік пен татулық Тәуелсіз Қазақстанның мәңгі ұранына айналары анық, – деді басқарма басшысы.

Діни бірлестік жетекшілері мерейлі мерекеге орай ыстық лебізін білдіріп, татулықтың мән-маңызына ерекше тоқталды. Шара барысында Б.Қаржауова қыл кобыздан күй шертіп, С.Крюгер «Қазақ елі» және Абай Құнанбаевтың «Көзімнің қарасы» әндерін орындады.



## Жат ағыммен күрес қалай жүрүде?

Қазақстанда радикалды және деструктивті діни идеологияның таралуына жол бермеу бойынша жұмыстар жалғасуда. Қазіргі таңда өңірде екі мыңнан астам дінтанушы мен теологтар халық арасында түсіндірме шараларын жүргізуде. Бұл бастаманың негізгі бағыты – мақсатты және ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын қамтамасыз ету, деструктивті идеологиядан зардап шеккендерді оңалту және діни экстремизмге қарсы насихат жүргізу.

Биыл түрлі форматта 28 мың оның ішінде 952 мың адамды қамтыған жастар арасында 7,9 мың іс-шара іске асырылды. Аталған шаралар жұмыссыздар, жастар, өзін-өзі жұмыспен қамтыған азаматтар, сотталғандар және олардың отбасы мүшелеріне және т.б. топтарға назар аудару отырып, жүргізілуде.

Алдын алу ісінің бірі – интернет кеңістігіндегі жұмыс. Мәселен, жыл басынан бері интернет-кеңістікте діни экстремизм мен терроризмді насихаттайтын 181 мыңнан астам материал жойылса, 324 заңсыз материал бұғатталды. Өткен жылмен салыстырғанда жойылған және бұғатталған контент саны 8 есе өскені байқалады. Айта кетейік, экстремистік материалдарды бұғаттау және жою – азаматтардың радикалдануына жол бермеудің төте жолы. Бұдан бөлек, азаматтардың экстремизм идеологиясының шырмауына түспеуі үшін медиасауаттылық пен сани ойлау дегенін арттыру да нәтиже бермек. Жастар арасында түрлі нұсқада профилактикалық контентті әзірлеуге ерекше назар аударылуда. Мысал ретінде мектеп оқушыларына діни экстремизмнің қауіпін түсіндіретін «MEIRMAN» комиксін шығару ісі айтуға болады.

Бұдан басқа азаматтардың дінтану сауаттылығын арттыру және деструктивті діни ағымдар идеологиясына қарсы іс-қимыл жасау үшін БАҚ-та, интернет-ресурстарда және әлеуметтік желілерде 132 мыңнан астам түрлі форматтағы жарияланымдар орналас-тырылған. Айта кетейік, өткен жылмен салыстырғанда ақпараттық кеңістікте экстремизмге қарсы тақырыптағы жарияланымдар 2 есеге артқан.

Радикалды идеологияға қарсы насихат жүргізу, конфессияаралық келісім құндылықтарын мен зайырлы қағидаларды ілгерілету жұмыстары өлі де жалғасын болады.

ЖЕРЕБЕ ЖОЛДАС БОЛДЫ МА?



Қазақстан құрамасы 2022 жылы Ұлттар лигасының кезекті жарысына қатысады.

24 және 29 наурыз күндері өтпелі матчта Молдова құрамасын жеңсе, онда Қазақстан құрамасы «С» лигасында қала береді. Осыған орай Швейцарияның Монтре каласында өткен жеребе тарту рәсімінде Қазақстан құрамасына Словакия, Беларусь және Әзербайжан құрамалары қарсылас болмақ.

Ал егер Қазақстан құрамасы өзі ойынының қорытындысында Молдоваға жол беретін болса, онда «D» лигасында өнер көрсетуге мәжбүр болады. Ондай жағдай орын алған кезде біздің командамызға Лихтенштейн, Андорра және Латвия құрамалары қарсылас болады. Топтық кезеңнің матчтары маусым айында басталады.



СЫР БАЛУАНДАРЫ МАНСАБЫН АЯҚТАДЫ

Еркін күрестен Қазақстан командасының бас бапкері Әсет Сәрібаев Сырдың тәжірибелі қос балуандары Дәулет Ниязбеков пен Галымжан Әсербаевтың спорттық мансабын аяқтағанын мәлімдеді.


«Токио» Олимпиадасынан кейін Дәулет Ниязбеков жарақаты емдеуде. Оның жазғы ойындарда жарақатын асқандырып алғанын білесіздер. Бүгінде Дәулетті ұлттық құрамаға жаттықтырушы қызметіне алу туралы ұсыныс жасанды, Галымжан Әсербаев «Шаңырақ» спорт мектебінде жас балуандарды жаттықтырып жүр. Ол бапкерлік қызметін бастап кетті. Мұндай тәжірибелі балуандар бізге өте қажет. Дәулеттің де, Галымжанның да жастарға берер тәлім-тәрбиесі мол. Екеуі де әлемдік жарыстарда Қазақстан намысын қорғады. Қазіргі жас балуандар үшін олардың тәжірибесі мен кеңесі аса құнды болмақ. Жарыс қарсаңында салмақты қалай қу керек, шетелдегі бірі бәсекелерге қалай дайындалу керек, мұның бәрін екеуі де жақсы біледі», - деді бас бапкер.

ҚОРЖЫНДА 3 АЛТЫН

Қоңкимен жүгіруден Калгариде (Канада) өткен әлем кубогі кезеңінде қазақстандық үш спортшы топ жарды.

Атап айтқанда, Екатерина Айдова әйелдер арасында 500 м қашықтық бойынша үздік атанса, ерлер арасында 1000 м қашықтықты бірінші болып бағындырған Денис Кузин жеңімпаз атанды. Ал ерлер арасында 1500 м қашықтық бойынша мәре сызығына бірінші жеткен Дмитрий Морозов алтын жүлдеге қол жеткізді.

Сондай-ақ 1000 м қашықтықта сынға түскен Екатерина Айдова аталған жарыста жеңіс тұғырына екінші рет көтерілді. Ол жеңімпаз Тайпей спортшысынан 1.04 секунд қана қалып, күміс медаль иеленді.



ДАНИЯР ӘЛЕМ ЧЕМПИОНЫ

Қазақстан кәсіпқой боксшының жарық жұлдызы, Олимпиада чемпионы Данияр Елеусінов IBO тұжырымы бойынша әлем чемпионы атанды.

Жақсылық Үшкемпіров атындағы Жекре-жек сарайында өткен кәсіпқой бокс кешінің негізгі жекпе-жегі қазақстандық Данияр Елеусінов пен аргентиналық Хуан Эрнан Лео арасында болды.

12 раундқа жоспарланған кездесудің екінші раундында Данияр Аргентина боксшысын нокаутқа жіберді. Үшінші раундта да «нокаут» ашылды. Бірақ оңтүстік американың өкілі кешті жалғастыруға дайын болып шықты. Қалған раундтар Даниярдың басымдығымен өтіп, жеңімпаз 12 раундта берілген болды. Төрешілер шешімімен Елеусінов IBO тұжырымы бойынша әлем чемпионы атағына лайық деп танылды.

Айта кетейік, бұған дейін Данияр Елеусінов кәсіпқой рингтегі 10 жеңісінің алтауын нокаутпен аяқтаса, оның қарсыласы 15 жеңісінің төртеуін нокаутпен тамадап, бір жекпе-жегі сәтсіз өткізген.

Әлемде көлік пайда болған тұста неміс Готтлиб Даймлер мен Карл Бенц жаңа жобаларды жүзеге асыруға бел байлады. 1886 жылы қос немістің жұмыстары патенттеліп, көпшілікке ұсынылды.



«ФОРМУЛА-1» немесе ШУМАХЕР ЖЕТКЕН ШЫҢ

- 1. Бүгінде F1 автокөлігінің орташа құны 15 млн долларды құрайды
2. «Формула 1» шабаңдоздары – ырмышыл адамдар, аталған спорт түрінде 13 нөмірі бар автомобиль болмайды
3. Үздік F1 пилоттық экипаж 3 секундта бөлімді толтырып, дөңгелектерді ауыстыра алады

көрсетеді, олардың әрқайсысы сегіз мың шақырым жүреді. Жарыстың бір қызығы жеңімпаз мәреге бірінші келген қатысушы емес, ең көп ұпай жинаған команда болады.

Автожарыстың ең тартысты әрі қызықты бәсекесінің бірі – Макао гран-при. Жарыс бір ғана мемлекетте өтеді. Яғни, Қытайдан басқа елде ұйымдастырылмайды. Бұл шараның әрекетшілігі – деңгелек күндері өтетінінде «Формула-3» WIAA FIA (Super 2000 және Diesel 2000 автомобильдері қатысатын халықаралық чемпионат) және мотоцикл тізгіндеген қатысушылар



өздерінің шеберлігін сынайды. Жарыс жолы сонымен қатар ұзын және түзу секциясы бар қалалық айналымнан өтеді, онда уақытты жақсарту үшін жоғары жылдамдықпен жүруге мүмкіндік алады.

Автожарыстың ең танымал жұлдызы – Михаэль Шумахер. Бұл есім спорттан хабарсыз адамдарға да жақсы таныс. Себебі көпкі тікұяндай жүргізетіндерді, жақсы тізгіндейтіндерді ел арасында «Шумахер екен» деп атады. Шумахер – есімі терминге айналған ұлы спортшы, «Формула 1» жарысының автошабаңдозы, әлемнің жеті дүркін чемпионы, екі дүркін вице-чемпионы және үш мәрте қола жүлдегері. Celebrity Network басшылығы «Формула 1» жұлдызының байлығы шамамен 800 миллион доллар екенін хабарлаған.

Forbes Шумахердің бас айналыстарының мансабында 1 миллиард доллар пайда тапқанын мәлімдеген. ең жоғары жалақы алатын спортшылардың бірі болған және жарыстарға қатыспаса да, жылына 50 миллион доллар табатын. Автошабаңдоздың дәуірі жүріп тұрған уақытта Shell компаниясы өзін логотипі

Айналым шебердің ұзындығы – 6,2 км. Өзге жарыс жолдарының айырмашылығы, жүргізушілердің шеберлігін жиі барылыстармен емес, жолдың кішкентай енімен сынайды. Кей бөлімдерде ол небәрі 7 метрді құрайды. Мұндай мыңдықтарды өту іс жүзінде мүмкін емес.

жазылған бас мүмді киіп жүргені үшін оған жылына 10 миллион доллар төлеген. 2013 жылы желтоқсанда Шумахер Францияда шаңса тебу кезінде кезінде ауыр жаралат алып қалды. Бұған дейін нейрохирург Никола Акчарри алты жыл бұрын басқан қатты жаралат алған Михаэль Шумахердің қазір адам танымастай өзгергенін айтқан болатын.

АҚШ-тың «Columbia Pictures» кино компаниясы Шумахердің қазіргі шалажансар күйін көрсететін деректі фильм түсірді. Кино түсірушілер бұл істі қолға алу ондай болмағанын айтты. «Ұааң ауырып қалсаң да, киімнен келіссөз жүргізген. Нәтижесінде аптасына 58 сағат таспа жазып алуға мүмкіндік алған».

Қолубы құлашын жаяуда

Гандболдан қызылордалық арлардың бәсі биік. Ел чемпионатында бақ сыйайтын «Қайсар» командасының сан түрлі жетістігі бар. Вячеслав Ким мен Ольга Егумовадан тәлім алатын арлар тіпті Азияның алпауытына айналды. Жақында Испанияда өткен әлем біріншілігінде «Қайсардың» 8 қызы Қазақстан құрамасының намысын қорғады. Паркетке шыққан сегіз сұлу да сенімді ақтап, сәтті ойын көрсетті. Соның бірі – Жанерке Сөйтқасым.

Кәрі құрлықта керемет өнер көрсеткен Жанерке гандболға кездейсің келмеген. Талантты қызды әкесі Аманжол Бақбергенов 2014 жылы Жаңақорғандағы жаттықтырушы Құнанбай Қайратұлына талсырыпты. Араға екі жыл салып жасөспірімдер құрамасында тер төккен шебер ойыншы көпшілікті тәнті етеді. Облыстық ашық біріншіліктерде көзге түсіп жүрген ауылдағы ару 2016 жылы Қызылордалағы Жалаңтос Баһадур атындағы дарынды балаларға арналған мектеп-интернатқа оқуға түседі. Сол жылдан бастап «Қайсардың» құрамына ілініп, мықтылығын дәлелдейді. Вячеслав Ким Жанерке бірден қатарға қоспады. Алдымен 2015-2017 жылы жасар құрамында жоғары лигада өнер көрсетіп, 2018 жылдан бастап супер лигада ойнау құнына ие болады.




Ольга Егумоваға, демеу берген достарым мен қазіргі командаластарыма алғысым шексіз. Басында қай спортқа бару керек деген сұрап болған алайда ауылдағы гандбол спорттың бетталысы мені тәнті етті. Алтыншы сыныпта жүргенде осы спортқа келдім. Қазір аз да болса, жетістікке жетіп, үлкен мүмкіндіктеріме ие болдым. «Қайсармен» Азия біріншілігінде топ жардым. Ел чемпионатында жеңімпаз атандым. Командам темірдей тәртіптен жүреді. Тәртіптің арқасында үлкен жетістіктерге жетіп келеміз. Жақында Испанияда

өткен әлем біріншілігінде Қазақстан құрамасына шақырту алдым. Мария және Ксения Пугченко, Наталья Полянуко, Дана Обида, Татьяна Давыдова, Алёса Малышева, Злата Звезгина сынды «Қайсар» гандболшыларымен бірге ел намысын қорғадым. Әлем біріншілігінде керемет көрініс Фурранымызда жанды дауыста айтқанымыз болды. Иранға қарсы матчта екі Оңуранымыз қосылды. Мұндай сәт біздің спортшыларымыз басынан бірінішілігінде керемет көрініс Фурранымызда абырған қалдық. 10-15 секунд тыныштық орын алғаннан кейін қыздармен

бірге жанды дауыста айтқанды құл көрдік. Содан кейін намысымыз оянып, азұлы Иран құрамасын 31-25 есебімен жеңіп кеттік. Қазіргі спорттық мансабыма шүкір етемін. Алда жоспар көп, тек аяғың еңбек ете білесек болғаны. - деді Жанерке Сөйтқасым. Тынымсыз еңбек, төккен тер, үкілеген үміттің арқасында жас гандболшы осындай биіктерге жетті. Ата-анасы да қыздарына қолдау көрсетіп, үнемі жанынан табылуға тырысады. Иә, «баласы көкпар шапса, анасы үйде отырар тыңың қысады», - демеуші Коринна халемнен ардайым Жанерке үшін аланды. - Қызым үшін алаңдап, амандың тілеп отырмайм. Оның спортта жүргеніне өте қуаныштымын. Біз оған ардайым қолдау көрсетіп, биіктерден көрінуіне тілектестік білдіреміз. Жанеркеңің болашағынан біз ғана емес, жанкүйерлеріміз үлкен үміт күтеді. Сондықтан, аяңбай еңбектен қызық, - деді анасы Айгүл Қалжанова.

# Жаңа жылды қарсы алу қанша тұрады?



**Ескімен қоштасып, жаңа өмірге, армандарға ұмтылуға себеп болатын жаңа жыл мерекесі – ұлт пен несірге бөлінбейтін елеулі мереке. «Ескі жыл есірке, жаңа жыл жарылқа» дегендей, әр адам келер жылдан көп үміт күтері анық. Аз күннен соң 2022 жыл есік қауға дайын. Саналы түрде аяқталатын жылға есеп беріп, өткенді саралаудан бөлек қуанышқа толы мерекені қарсы алудың да өзіндік машақаты бар. Жақын адамдарға сыйлық дайындау, мерекелік дастархан, ең бастысы – жақсы көңіл-күй. Осы орайда қазақстандықтардың жаңа жылды қарсы алуы қаншаға түсетінін шамалап көрген едік.**

**Дастарханның дәмі**  
Мен берсек, жалғызбасты немесе отбасылы адам үшін мерекені тойлауда басты мәселе қаражатқа тіреледі. Туған-туыс, дос-жаран, бала-шағаға сыйлық алудан бастап, мол дастархан жаю, әдемі киім алу сынды қажеттіліктер өзге де шығындармен жалғасады. Қалтадағы ақшаны қайда жеткізерін білмеген халық осындайда қиынталыны рас. Бұған күн санап есіп жатқан тауар бағасы да маңызды себеп. Ең алдымен жаңа жылдық дастарханның құнын

шығарып көрейік. Бұл ретте азық-түлік пен күнделікті тұтынатын өнімдердің бағасына баса назар аударамыз. «Жаңа жыл қарсаңында Galymzhan жүйесі жинаған деректер базасында жаңа жылдық үстелдің құны бағаланды. Іріктемеге аталған жүйеде бар қалалар енгізілді, ал жаңажылдық мәзір сараптамалық түрде жасалды. Жаңажылдық үстелдің құны Қазақстан бойынша үйдегі адамдардың орташа санын – төрт адамды ескере отырып есептелді», – делінген Ұлттық Банктің 2020 жылғы баяндамасында. Яғни, орташа есеппен жаңа жылдық үстелдің құны 21 108 теңгені құрайды. Сонымен дастарханның бас мәзірі – ет, оның құрамына кіретін қазының 1 келісі 3300 теңгеге бағаланып отыр. Әдетте

бір қазының 1 келіден сәп асатынын ескеру керек. Жылқы еті – 3500 теңге. Ет тамақтың нанына қажетті 2 келілік ұнның бағасы – 540 теңге. Ал дастархан мәзіріне картоп пен еттен басқа «оливье» салаты да қажет. Оның құрамына кіретін пісірілген шұжық 0,5 келісі – 950 теңге бола, майонез – 240, маринадталған қияр – 670, консервіленген бұршақ – 314 теңгеге түседі. Бұлар – жаңажылдық дастарханның міндетті мәзірі. Өрi қарай жеміспен, тәттілермен әрлеу үй иесіне байланысты.

Үкімет басшысы баспасөз қызметінің мәліметінше, өткен аптада Қазақстанда әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының бағасы 0,1% төмендеді. Яғни республика бойынша көкөніс бағасы арзандауда. Ал өзге өнімдердің бағалары тұрақтымыс. 10 желтоқсаннан бастап Қазақстанның жұмыртыя өндірушілер ұйымындағы тауық жұмыртқасының бағасын 16 процентке төмендетіп, бір данасын 37 теңгеден 31 теңгеге түсірген. «Жаңа жыл дастарханы қалтаға ауырлық түсірмеуді үшін бұл іске ойланп кірсеңіз, қажетсіз азық-түлік сатып алмайсыз. Көп ингредиенті бар тағам түрлерін бірнеше рет қарастыру керек. Себебі олар құрамы бойынша ұқсауы мүмкін. Белек-бөлек азық-түлік алғанша бір ингредиентті екі тағамға да пайдалансаңыз, тиімді болады. Тағамды дәмдірек қылу үшін міндетті түрде біраз қоспаның орнына қарапайым әрі жаңа соус қосып та түрлендірсеңіз, өкінбейсіз. Қосымша гарнир жасасаныз немесе астың бөзіндірілуіне көңіл бөлсеңіз, шығынды азайтуға болады», — дейді аспаз Артур Байтеев.

Премьер-Министр әлеуметтік маңызы бар, күнделікті тұтынатын азық-түлік өнімдерінің бағасын тұрақтандыру және төмендету жұмысын одан әрі жалғастыруды тапсырған болатын. Бұл «берсе қолынан» дейтін саудагерлер үшін ескерерлік жайт болғанымен, бағаның жергілікті базарларда қымбаттауына кім келіпті? Бәсекелестікті қорғау және дамыту

агенттігінің мәліметіне қарағанда кейінгі аптада бағаны негізсіз көтерудің 75 фактісі тіркелген. Осы орайда базар бағасының тұрақталуы – қарапайым халық, тұтынушы көңіліне қуаныш.

## СЫЙЛЫҚТЫҢ ЖЕНІ БІР БАСҚА

Сыйлық дайындау үшін мерекенің көпші жеткен уақытын күтудің қажеті жоқ. Оны жаңа жылға дейін, алдын ала даярлаған жөн. Көп адам мұндай жағдайда кімге не сыйлаймын деп дағдарып қалуы мүмкін. Осы орайда сыйлық ретінде ұсынуға әдемі, құнды заттардың тізімін ұсынамыз.

Зергерлік бұйымдар еркін бағалы. Тастармен безендірілген бұйымдарды жылды жорамалы белгісімен және есіммен үйлесімділігін ескере отырып, көздің, шаштың түсіне қарай таңдауға болады. Сертификат – жаңа жылдық сыйдың ішіндегі классика. Жаңылыға косметика мен парфюмерия, аксессуар, киім, аяқ киім, тіпті, сулулық салоны мен массаж қарбылдау, емделуге арнайы сертификат бере аласыз. Бұл жағдайда адам қалаған нәрсені өзі таңдайды.

Сыйластық пен нәзік қарым-қатынасты ұстанатындар үшін өтір де таптырмаз сыйлық. Себебі бір гана хош иіс жыл бойы жаңа-жылдық мерекені, сол адамды еске түсіріп, көңілге жылу ұялатауы мүмкін. Тек таңдау жасарда абай болңыз.

Статистикаға сөйкес, ерлер таңдайтын ең танымал сыйлық – киім. Мұндай сыйлық ер адамға жарын жақсы білгенде, танығанда және заттың стиліне сәйкес келіп, оған ұнайтынына сенімді болған кезде ғана орынды. Басқа жағдайларда мұндай тәуекелге бару жаңа-жылдық

көңіл-күйді құрты ғажап емес. Сыйлық ретінде электроника өнімдерін таңдау – заманауи шешім. Түпнұсқа телефон, планшет, соңғы үлгіде жақсартылған ноутбуктарды таңданыз. Егер сыйлық жасайтын адам спортпен шұғылданып, салмағын және денсаулығын бақыласа, онда фитнес білезігі, спорт сағаты да орынды сый болмақ.

Түнге сыйлық ретінде қарауға болмайды. Себебі көз келген мерекеді ұсынылатыны да, елеусіз күнді мерекені айналдыратын да – әлп ет сыйлап, эстетикалық әдемілікті арттыратыны ая. Дегенмен жаңа жыл мерекесіндегі басты сыйлық қатарына жатпайды.

«Жаңа жылды қалай қарсы алсаңыз, жыл солай өтеді» дейтін ырымға сенетіндер көп. Жалпы жылды қарсы алудың жазылған заңы, нақты бір талап пен тәртібі жоқ. Әркім өзінің ерекше қарсы алып жатады. Келер жыл байлықта, тоқшылықта болуы үшін мол дастархан жайып, әдемі киіну, қымбат сыйлық жасау міндетті емес. Мұның бәрі қалтаның қалдығына қарағанымен, бастысы жаңа жылдық көңіл-күй өзіңде екенін ұмытпаңыз!

Дина БӨКЕБАЙ

## JULDYZ – JORAMAL

(16 – 23 желтоқсан)



**Тотқы**  
Көп уақытты сөрүндеп, көңіл көтеруге арнаңыз. Қиын күндерді ұмытып, жаңа күнге жаңа көзқараспен қараңыз. Бұл апта сіз үшін өте маңызды, сондықтан шешімді асықпай қабылдаңыз!



**Торпақ**  
Аптада жоспарыңыз түгелдей орындалады. Сол себепті уақытты үнемдеген жөн. Сізді ерекше мүмкіндік күтіп тұр. Сондықтан барлық жақсылықты қуана қабылдай біліңіз.



**Егіз**  
Уақытыңызды құр текке өткізе бермеңіз. Батыл әрі нақты сөйлей біліңіз, бір нәрсені ойласаңыз, жоспарды міндетті түрде орындауға тырысыңыз.



**Шаын**  
«Жұмыс, карьера» деп өзіңізді ұмытпаңыз. Айналаңыздағы адамдардан еш қорықпай, батылдық бола түсіңіз. Сізді ешкім де қорқытпай, үркіте алмайды. Ойыңызға келген мақсатты нақты жоспарлап, орындай біліңіз. Жаңыңыз қалаған нәрсені жасауға тырысыңыз.



**Арыстан**  
Осы маңызды бір кездесу күтіп тұр. Сондықтан жүрген жүрісіңізге де, кіген киіміңізге де аса мән берген жөн. Қызметіңіз жоғарылап, көп жетістіктерге жетесіз. Дегенмен жақсылық жасаған адамдардың қадірін біліңіз.



**Биکش**  
Жақыныңызға сізден көмек керек болады, сондықтан қасында болғаныңыз жөн. Егер бір кездесу бола қалса, ол сіздің өміріңізді өзгертуі де мүмкін. Апта соңында күткенен тосын сый болғалы тұр.



**Таразы**  
Жоспарыңыздың көп бөлігі орындалады деп тұр. Егер сіз тырыссаңыз, керемет жұмыс тауып қалуыңыз мүмкін. Жақын жандардан да көмек сұраған жөн.



**Сарышаян**  
Сіздің айыңыз оңынан туып, жылдызыңыз жарқырайтын күн алыс емес. Жақындарыңыз қолдау көрсетіп, өзіңізді тағы бір қиыншыдан қорғетін көз туды. Егер сіз осы бетіңізден таймасаңыз, аз күнде биіктен көрінетіңіз анық.



**Мерген**  
Махаббатта жолыңыз болады. Тек жүрегіңізді тыңданыз. Қаражат жағынан қиындық туындауы ықтимал. Сондықтан қаржыңызды үнемдеп жұмсаңыз. Жұлдыздар көп сөрүндеуге кеңес береді.



**Тауешкі**  
Қаражат жағы қалтаныңызды жұқартуы мүмкін. Қиындық туындауы ғажап емес. Жақын арада кәсіп бастаған жөн.



**Судқыйғаш**  
Ез күшіңізге сенсеңіз әлі талай белесті бағындырасыз. Тек жоспарды бір псықтап алыңыз. Отбасылық демалыстың сізге тиігер пайдасы зор болмақ.



**Балық**  
Бұл аптаны отбасыңызбен өткізіңіз. Жұмысты, жоспарды ысырып қойып, жақындарыңыз қасында болыңыз. Өмірдің жызығын сезініп, отбасылық жылулықтың қадірін түсіңіз. Апта сіз ойлағаннан да қызықты өтеді.

Көзекші редактор: Г.ЖҰМАДИНОВА

## Болар бала жасынақ...

Бүгін жасы небәрі алтыда болса да, ақылды, жан-жақты дарынымен көзге түскен Дияр жайлы айтпақпыз. Сіз оның түсірген бейнежазбасын көрсеңіз ғой?! Таң ата өрте тұрып, жүгіре жөнелетін ауыл баласының алма теріп, шөп оруы, әжесінің айранын ұрттай сала мектепке асығуы сүйсінпей қоймайды. Осындай әдемі көріністер соң болашақта актер болғысы келетін Дияр Аманжолұлы жайлы мұғалімі Сандуғаш Маралбекқызынан сұрап білдік.



Г.НҰРТАЙҚЫЗЫ

Дияр қазір Сырдария ауданы, Жетікөл ауылындағы №174 орта мектебінің мектепалды даярлық тобында білім алады. Сынып жетекшісінің айтуынша, Дияр – өте белсенді бала. Бес жасынан бастап әлеуметтік желілерді пайдаланып, аға-әпкесінің көмегімен бейнежазба түсіре бастаған.

– Бірде «Менің атым Қожа» фильмінің сюжетімен бейнежазба жасағанбыз. Сонда Дияр қазіргі заманғы Қожасын сомдайды. Шағын ғана түсірілімде баланың бір күндік өмірі, бос уақытында немен айналысатыны толық көрсетілген. Жаннұр есімді сіңіліме «осындай сәттің оқушым бар» деген едім, ол қолдау көрсетіп, арнайы мобиллограф шақырып әдемі дерлік көпшілікке тарауына көмектесті, – дейді Сандуғаш Маралбекқызы.

Ұстазының айтуынша, Дияр актер болуды армандайды. Алғырлығы мен талантын байқаған мұғалім баланың өнері толық ашылу үшін жарыстарға қатыстыруды жөн көрген. Ал Диярдың ата-анасы Аманжол Кемелов пен Айжар Аялбергенова қашанда ұлдарын қолдауға әзір. Үлкен шаңырақта әже тәрбиесін көрген ұлдың талабына біз де бармақтай бақ тіледік.

– Мектепке алғаш келгенде Диярдың тынымсыз болса да, тартымды қылықтары бар, актерлық бір табын жақындығын байқаймын. Тәртібін жөндеймін деп баланы басып тастамадым. Керісінше ұрсылап, қайта сол баланың ашықтығы мен сабақта шұлап отыратын қасиетін өзгелерден артықшылығы деп ұқтым. Диярдың осы жолы түсірген бейнежазбасын «Сыр дарыны» ұйымдастырған конкурста жолдаған едік. Білім мен өнерді сүйген алғары оқушымыз талабына сенемін, – дейді ұстазы.

## АҚМЕШТ жастары

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркеу алынып, №13844-Г нөмірі 26.08.2013 жылы берілген. «Ақмешт жастары» облыстық газеті КР СТ ИСО 9001-2009 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертифицирталған.

### Меншік иесі: «Сыр медиа» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР  
Аманжол ОҢАРАБАЕВ

Қабылдау бөлмесі:  
тел/факс: 40-11-10

БАС РЕДАКТОР  
Мөлдір ҚАЛЫМБЕТ

Газет әр аптаның бейсенбі күні шығады. Қолжазбалар өңделеді және қайтарылмайды. Жарияланымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп «ASU баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылады. Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4А.

Индекс: 65425. Редакцияның мекен-жайы: 120018 Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4А  
e-mail: aqmeshit\_zhastary@gmail.com  
Instagram: @aqmeshit\_zhastary / сайт: aqmeshit\_zhastary.kz

Таралымы: 8517  
Тапсырыс: 1862